



БІР ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР ҰЛТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ АТАСЫ

www.qazaq1913.com



QAZAQ



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / № 35-36 (1 296), 02-09.09.2025



+7 (701) 505 48 48



+7 (777) 797 77 88



qazaq1913gazeti@gmail.com



qazaq1913_



qazaq gazeti



qazaq1913

1913–1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ыждағатымен газеттің Орынборда 266 саны шығып, большевизм теперішімен жабылды. 2006 жылы 22 наурызда Қоғабай Сәрсекеев Алматыда 267–ші санынан қайта жаңғыртты




«ОСЫДАН 30 ЖЫЛ БҮРЫН БҮКІЛ-ХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ ҚАБЫЛДАНДЫ. БҰЛА ЕГЕМЕН ЕЛІМІЗ ҮШІН ТАРИХИ СӘТІ БОЛДЫ. БАРШАҢЫЗҒА ҚҰТТЫ БОЛСЫН ДЕЙМІН. ШЫН МӘНІНДЕ, АТА-ЗАҢҒАН БІЛІК ЕШТЕҢЕ ЖОҚ. СЕБЕБІ КОНСТИТУЦИЯ – МЕМЛЕКЕТІПІМІЗДІҢ МЫЗҒЫМАС ТҰҒЫРЫ. ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ АЙНЫМАС ТЕМІРҚАЗЫҒЫ. ҚАЗАҚ – ҰЛЫ ДАЛА ЗАҢЫНА БАС ИГЕН. АР-ҰЯТТАН АТТАМАҒАН ХАЛЫҚ. ҚАСЫМ ХАННЫҢ ҚАСҚА ЖОЛЫ, ЕСІМ ХАННЫҢ ЕСКІ ЖОЛЫ, ӨЗТӨҮКЕНІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ – НАҒЫЗ ДАЛА ЗАҢЫНЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІЛЕРІ. ОСЫ ДӘСТҮР ЕШҚАШАН ҮЗІЛГЕН ЕМЕС...»

/ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚР КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «КОНСТИТУЦИЯ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ-ТІЛІК: ҚҰҚЫҚ ПЕН БОЛАШАҚ ДИАЛОГЫ» АТТЫ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН /

АСТАНАДАН ТЯНЬЦЗИНЬГЕ ДЕЙІН:

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ
ӘРІПТЕСТІГІНІҢ КЕЛЕШЕГІ ҚАНДАЙ?



■ Тарихи меже: Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-саттық көлемі 44 млрд долларға жетті.

КОЛЛАЖ: АЙНҮР ҚАЙРАТБЕКҚЫЗЫ

3 қыркүйекте Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың үш күнге созылған Қытайға жасаған сапары мәресіне жетті. Осы аралықта Бейжіңнің Астанаға деген ерекше құрметін көрдік. Себебі, Си Цзиньпин Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) отырысына келген 22 көшбасшының тек үшеуімен жеке кездесу өткізді – Ресей, Үндістан, Қазақстан басшыларымен ғана жүздесіп, кешкі ас ішкен. Ресми протоколсыз, емін-еркін форматтағы жақындықты білдіреді. Мемлекет басшысына көрсетілген мұндай ілтипат «ала қойды бөле қырыққандық» емес, керісінше әлемдік аренада Орта державалардың да салмағы барын көрсету әрі Қазақстанның саяси-экономикалық әлеуетіне деген оң баға деп қабылдаған жөн. Осы орайда саясаттанушы Қазбек Майгелдинов Қасым-Жомарт Тоқаевтың шығыстағы көрші елге сапарының қорытындысы туралы пікір білдірді.

Қазбек
МАЙГЕЛДИНОВ

■ ДИАЛОГТЫ ДАМЫТАТЫН
ТҰРАҚТЫ АЛАҢ

Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас бүгінде «мәңгілік жан-жақты стратегиялық серіктестік» деңгейіне көтерілді. Бұл достық өзара байланыстың үлгілі моделін орнатты. Өткен жылы мемлекет басшылары кездескенде осы серіктестікті жаңа «алтын 30 жылдыққа» бастайтынын атап, достықты одан әрі тереңдетуге ниет білдірген еді.

30 тамыз бен 3 қыркүйек аралығында әлем назары Қытайға ауды. Өйткені, мұнда 25 жылдық тарихы бар Шанхай ынтымақтастық ұйымының кезекті саммиті өтті. Бұл жиынға ұйымға мүше елдер ғана емес, аймақтағы ықпалды мемлекеттер мен тіпті Қытай саясатын сынап жүрген Ердоған да шақырылды. Осындай ауқымды шарада Қытайдан кейінгі басты ойыншы ретінде Қазақстан айқын көрінді.

02-бетте

ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАП ЕЛІМІЗДЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛАДЫ?

05

«ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ШЕШУ»

ПРЕЗИДЕНТ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫН ЖАРИЯЛАДЫ

ФОТО: AKORDA.KZ



8 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Жиынға халық қалаулылары қатысты. Ғасырдан астам тарихы бар «Qazaq» газеті бүгін Президенттің Жолдауына қысқаша тоқталады.

Жанар
ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

■ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ
ДАМУ МИНИСТРЛІГІ ҚҰРЫЛАДЫ

Президент қазіргі министрліктің негізінде жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құруды ұсынды.

03-бетте

ҰЛТ ҰСТАЗЫ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН КҮН АЙРЫҚША АТАЛЫП ӨТТІ

08

АҒARTУШЫЛЫҚТЫҢ АУҚЫМЫ

НЕМЕСЕ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА ЫБЫРАЙ
АЛТЫНСАРИН АШҚАНҒА ДЕЙІН МЕКТЕП БОЛМАҒАН БА?

Арғы-бергі қазақ тарихына үңілсеңіз, небір марғасқа тұлғалар мен толағай істерді тындырып, халқы үшін жанын сала еңбек еткен қабырғалы қайраткерлер болғанын көзіңіз шалады. Әрине, аз ба, көп пе, ұлт тарихында атқарылған ұлық істердің әрқайсысының басында тұрар мұндай тұлғалар туралы сөз қозғап отырса, еш сөкеттік жоқ. Себебі, бүгінгінің жастары кешегінің көргенді ұрпағы, көшелі азаматтарынан тек осындай жазба дүниелер арқылы ғана өнегесабқа алары сөзсіз.

Назарбек
ҚОСШИЕВ

■ АРҒЫ ДӘУІРДЕН ӘПСАНА

Үгіт-насихаттың өршіп тұрған шағында «қазақтың көзін ашқан ұлы халықтың өкілдері» деген сөзге кәдімгідей иланып, «біздің бабаларымыз таңы атып, күні батқанына мәз болып жүре берген ғой» деп қабылдап келдік. Расында, қалай болғанына енді ғана көз жеткізіп жатырмыз.

04-бетте

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ —
ЖАҢА БЕЛЕСТЕРГЕ БАСТАР ЖОЛ



Құрметті ұстаздар, студенттер және ата-аналар!

Сіздерді жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн – білім мен ғылымға жасалған жаңа қадамдардың, тың идеялар мен биік мақсаттардың бастауы.

Қазақстан-Британ техникалық университеті әрқашан сапалы білім беруді, халықаралық деңгейдегі ойлау қабілеті мен кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруды басты міндет санайды. Біздің университет жастардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, олардың әлемдік тәжірибеге сай шыңдалуына жағдай жасап келеді.

Жаңа оқу жылында университетіміз білім беру сапасын арттыруға, ғылыми-зерттеу әлеуетін кеңейтуге және халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға ерекше назар аударады. Негізгі мақсатымыз – еліміздің дамуына үлес қосатын бәсекеге қабілетті, кәсіби мамандар даярлау.

Құрметті студенттер! Сіздерге алдағы оқу жылы табысты, жаңа мүмкіндіктерге толы болсын деймін. Ізденіс пен еңбектеріңіздің жемісін көріп, үлкен жетістіктерге жетулеріңізге тілектеспін.

Ардақты ұстаздар! Сіздердің еңбектеріңіз – жас ұрпақтың жарқын болашағының кепілі. Шәкірттеріңіздің табысы өздеріңізге қуаныш пен шабыт сыйласын.

Жаңа оқу жылы әрқайсымыз үшін берекелі, сәтті әрі жемісті болсын!

Ізгі тілекпен,
Габдуллин Мәратбек Төлебергенұлы –
Қазақстан-Британ техникалық университетінің Ректоры,
Басқарма төрағасы

ҮКІМЕТ БЮДЖЕТТЕН 8 ТРЛН ТЕҢГЕДЕН АСАТЫН
ӨТІНІМДІ АЛЫП ТАСТАДЫ

Үкімет маңызы аз шығындарды қысқарту және бюджетті оңтайландыру жұмыстарын жалғастырып жатыр. Бұл туралы Үкімет басшысы Олжас Бектенов айтты.

«Атқарушы билік бюджет шығындарын қысқарту бағытында жұмыс жүргізіп жатыр. Мысалы, 2025 жылдың бюджеті қалыптастырылған кезде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің маңызсыз шығындарға қатысты өтінімдері алынып тасталды. Жалпы 34 трлн теңгеге өтімін келіп түсті, соның ішінде біз тек 25 трлн 700 млрд теңгесін ғана қанағаттандырдық», – деді Олжас Абайұлы «Amanat» партиясы фракциясының кеңейтілген отырысында.

ЕЛІМІЗДЕ ХИДЖАБҚА ТЫЙЫМ САЛЫНА МА?

Қазақстанда бет-жүзді толық жабатын киім киюге тыйым салу туралы заң нормаларына енгізілген түзетулер 12 шілдеден бастап күшіне енді. Бұл туралы ҚР Ішкі істер министрлігі хабарлады.

– Бет-жүзді толығымен жауып, визуалды тануға, соның ішінде бейнебақылау камералары арқылы анықтауға кедергі келтіретін киімдерді кию заң бұзушылық болып саналады. Ал, бетті жаппайтын діни киімдер (хиджаб, шейла және өзге де ұқсас элементтер) бұл нормаға кірмейді, – делінген министрлік хабарламасында.

Полиция өкілдері жаңа ережелер тек қана қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталғанын, ал азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, соның ішінде діни сенім бостандығы бұзылмайтынын ерекше атап өтті.

ЖҰМЫС КҮШІ ТАПШЫ ӨНІРЛЕРГЕ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРҒА
4,5 МЛН ТЕҢГЕЛІК ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТЫ БЕРІЛЕДІ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова соңғы 3 жылда 6 мың отбасы еңбек күші тапшылығы бар өңірлерге қоныс аударғанын айтты, деп хабарлайды inbusiness.kz сайты.

Министрдің айтуынша, ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу шеңберінде жаңа қолдау шаралары енгізілді. Қоныс аударушыларға тұрғын үй сатып алу үшін экономикалық мобильділік сертификаты беріледі. Бұл – шамамен 4,5 млн теңге.

«Биыл 6 мыңнан астам адам қызметтерді пайдаланды. Қоныс аударушылар үшін ауыл шаруашылығы мақсатында берілетін жер учаскелерін конкурстан тыс тәртіппен алу құқығын, сондай-ақ материалдық көмекті есепке алу үшін ашық шоттардан өндіріп алуға тыйым салуды көздейтін түзетулер қабылданды. Көшу кезінде материалдық көмекке жүгінудің электронды форматы енгізілді», – деді министр.

Ведомство шетелдік жұмыс күшін тарту квотасын төмендету саясатын дәйекті түрде жүргізіп келеді.

«Соңғы 5 жылда тартылған шетелдік жұмыскерлер саны 25 мыңнан 17 мыңға дейін төмендеді. Әлеуметтік әділеттілік қағидатын белгілеу, оңтайландыру бойынша жүргізіліп жатқан барлық жұмыстар мемлекет пен қолдауға мұқтаж азаматтар мүддесі теңгерімін қамтамасыз етуге және көрсетілетін қызметтің сапасын арттыруға бағытталған», – деп атап өтті Светлана Қабыкенқызы.

ЕСКІ 5000 ТЕҢГЕЛІК КУПОРОЛАР ҚОЛДАНЫСТАН ШЫҒАРЫЛАДЫ

24 қыркүйектен бастап 2011 жылғы 5000 теңгелік купюралар саудада жүрмейді. 24 қыркүйекке дейін ескі және жаңа үлгідегі 5000 теңгелік банкноттар қатар қолданылады, дүкендер мен қызмет көрсету орындары оларды қабылдауға міндетті.

25 қыркүйектен бастап 2011 жылғы үлгідегі купюралар төлемге жарамсыз болады. Бірақ, алаңдауға себеп жоқ. Өйткені, ескі купюраларды елдегі кез келген банк бөлімшесінде және «Қазпоштада» 3 жыл бойы жаңа банкноттарға айырбастауға болады. Ұлттық банк филиалдарында айырбастау мерзімі шектелмейді, яғни кез келген уақытта өткізуге мүмкіндік бар.



МАҚАЛАНЫҢ
ТОЛЫҚ НУСҚАСЫН
ГАЗЕТТІҢ
САЙТЫНАН
ОҚЫҢЫЗ



АСТАНАДАН ТЯНЬЦЗИНҒЕ ДЕЙІН:

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ ӘРІПТЕСТІГІНІҢ КЕЛЕШЕГІ ҚАНДАЙ?

ФОТО: AKORDA.KZ



■ Қасым-Жомарт Тоқаев Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысында сөз сөйлеп, саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырғаны және тарихы бай Тяньцзинь қаласында жылы қарсы алғаны үшін ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге ризашылық білдірді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев саммитте екі рет сөз сөйлеп, бірқатар маңызды бастамаларды ортаға салды. Ол – Астана халықаралық қаржы орталығы негізінде инвестициялық жобаларды сүйемелдейтін ШЫҰ кеңсесін құру, жасанды интеллект бойынша тұрақты сарапшылар форумын ұйымдастыру және Шанхай ынтымақтастық ұйымының Су мәселелерін зерттеу орталығын ашу. Бұл ұсыныстардың әрқайсысы ел мүддесінен туындап, Қазақстанның ұйымдағы саяси салмағын нақты көрсетті.

Инвестиция еліміз үшін маңызды экономиканың тірегі екені анық. Астана халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) аясындағы жаңа кеңсе Қазақстанға қосымша қаржы тартудың пәрменді құралы болмақ. Қытайдың өзі еліміздегі ең ірі бес инвестордың бірі. Былтыр ғана Қытайдан келген тікелей инвестиция көлемі 11,19 миллиард долларға жетіп, рекордтық көрсеткішке шықты. Бұл – ілгерілеудің басы ғана.

ШЫҰ-ның жасанды интеллект (ЖИ) бойынша тұрақты сарапшылар форумын өткізу бұл мәселеде еліміз үшін өте маңызды. Президент ЖИ өте маңызды сала екенін анық біледі. Мысалы, 2033 жылға қарай жасанды интеллект нарығының көлемі 5 триллион долларға жетіп, осы сектордың әлемдік технология индустриясындағы үлесі 30 пайызға дейін ұлғаяды екен. Еліміздің 2023 жылы қабылданған 2024-2029 жылдар аралығына арналған ЖИ даму стратегиясы бар. Ол жердегі негізгі мақсат – Қазақстанды Еуразияның цифрлық хабы ретінде таныту. Бұл жолда Қытайдың тәжірибесі мен әлеуеті бізге аса қажет.

■ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚАЙ
БАҒЫТТА ЖАНДАНАДЫ?

Бүгінде әлемде 2 миллиард адам таза ауыз суға қол жеткізе алмай отыр. Орталық Азияның төрт мемлекетінде су тапшылығы күшейіп барады, ал 22 миллион адам, яғни

аймақ халқының үштен бірі таза суға әеру. 2050 жылға қарай бұл жағдайды халық санының артуы мен климаттық миграция күрделендіре түспек. Сондықтан Тоқаевтың ШЫҰ аясында су орталығын құру туралы ұсынысы – уақыт күттірмейтін шешім.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР төрағасы Си Цзиньпин арасындағы саяси уағдаластық сауда мен экономика, инфрақұрылым жобаларына қажетті макроклиматты қалыптастырып отыр.

Қазір Қытай – Қазақстанның басты сауда серіктесі. 2024 жылы екіжақты сауда айналымы 44 миллиард АҚШ долларына жуықтаған. Бұл – тарихи меже.

Қытай – Қазақстандағы ірі инвестор мемлекеттің бірі. Бүгінде Қытай-Еуропа теміржол жұм тасымалының 85 пайызы Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Бұл – еліміздің геосаяси маңызын айқын көрсететін дерек.

ШЫҰ саммиті Қазақстанның аймақтағы ғана емес, жаһандық саясаттағы салмағын тағы бір мәрте дәлелдеді. Инвестиция, жасанды интеллект, су қауіпсіздігі Тоқаев көтерген мәселелердің әрқайсысы ел-

дің болашағына бағытталған стратегиялық қадамдар. Қазақстан өз мүддесін қорғап қана қоймай, аймақтық тұрақтылық пен халықаралық ынтымақтастыққа да үлес қосып отыр.

Қазақстан – Қытай серіктестігі жаңа онжылдықта экономикалық қуатқа, технологиялық жаңғыруға және өңірлік тұрақтылыққа қызмет ететін стратегиялық мақсатқа айналды. Тоқаев ұсынған үш бастама – инвестиция, ЖИ және су қауіпсіздігі – осы мақсаттың тірек бағандары. Оңтайлы стратегия – терең экономикалық интеграция мен саяси-институционалдық дербестікті қатар ұстау. Осы теңгерімді сақтай отырып, Қазақстан «алтын 30 жылдыққа» нақты жобалар, өлшенетін нәтижелер және көпбағытты серіктестікпен қадам басады.

МАҚАЛАНЫҢ
ТОЛЫҚ
НУСҚАСЫН
ГАЗЕТТІҢ
САЙТЫНАН
ОҚЫҢЫЗ



ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

«Көрші ақысы – Тәңір ақысы» деп, іргелес отырған көршісін ерекше қадір тұтқан елміз. Шығыстағы көршімізбен барлық салада ауқымды келісімдер жасалғанын көзіміз көрді, құлағымыз естіді. Атап айтқанда, Тяньцзиньдегі ШЫҰ саммитінде 20 құжатқа қол қойылды. Арасында Тяньцзинь декларациясы, Энергетикалық ынтымақтастықты дамыту жол картасы, Қырғыз Республикасының Шолпан-Ата қаласын 2025–2026 жылдары Шанхай ынтымақтастық ұйымының туристік және мәдени астанасы деп жариялау туралы шешімі бар. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – Қазақстан мен Қытай көрші мемлекеттер болғандықтан, жан-жақты стратегиялық әріптестікті одан әрі дамыту, түрлі саладағы ынтымақтастықтың бағыттарын кеңейту, сезімтал мәселелер бойынша диалогты жалғастыру және туындайтын мәселелерді бірлесіп шешу – екіжақты қатынастарымыздың болашақ басымдықтары болып қала беруі тиіс.

ҚАЗҰУ МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ СЕРІКТЕСТІК
ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛДІ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына ресми сапары аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бірқатар халықаралық маңызды келісімдерге қол жеткізді. Қол қою және құжаттармен алмасу рәсімі Бейжің қаласында өткен Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесінің отырысы барысында жүзеге асты.

Атап айтқанда, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Қытайдың «Jiangsu Huibo Robotics Technology Co. Ltd.» компаниясы арасында «Цифрлық технологиялар және робототехника» халықаралық институты мен Робототехника орталығын ҚазҰУ базасында ашу рәсімі өтті.

Бұл маңызды келісім Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Қытайдың жетекші жоғары технологиялық компаниясы – «Jiangsu Huibo Robotics Technology Co. Ltd.» арасындағы стратегиялық әріптестіктің нәтижесі болып табылады.

Салтанатты ашылу рәсіміне Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев пен «Jiangsu Huibo Robotics Technology Co. Ltd.» (Қытай) компаниясының өкілі Ли Вэнь (Li Wen) ханым қатысты.

Бұл жоба цифрлық трансформация, жасанды интеллект және робототехника салаларындағы заманауи білім мен ғылыми



ФОТО: ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

жетістіктерді біріктіре отырып, жаңа буын инженерлерін даярлауға бағытталған. Тараптар болашақта ғылым мен білім саласында бірлескен жобаларды жүзеге асыру арқылы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге ниетті екендерін растады.

Сондай-ақ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен «Юань Чжэнь» инвестициялық және даму компаниясы арасында ұшқышсыз ұшу аппараттарын (ҰҰА) әзірлеу, өндіру және енгізу бойынша стратегиялық әріптестік туралы келісім жасалды. Құжатқа Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев және «Юань Чжэнь» компаниясының бас директоры Тан Цзюлун қол қойды.

2024 жылы Қазақстанда құрылған «Юань Чжэнь» компаниясы ҰҰА саласын «білім – ғылым – өндіріс – сату» қағидатына негізделген интеграциялық үлгі бойынша дамытуды көздейді. ҚазҰУ-мен бірлескен консорциум аясында кадр даярлау, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (ҒЗТКЖ), сериялық өндіріс пен халықаралық нарыққа шығу бағытында жүйелі жұмыстар жоспарланған.

Қос келісім Қазақстан мен Қытай арасындағы ғылыми-инновациялық ынтымақтастықтың жаңа кезеңге қадам басқанын көрсетеді.

Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Ғылым мен технологияның қарқынды дамуы еңбек нарығы мен өндірісті түбегейлі жаңғыртып білім беру жүйесіне де елеулі әсерін тигізуде. Әсіресе, жасанды интеллекттің жедел өркендеуі қоғамның әр саласына ықпал етіп қана қоймай, жаңа мүмкіндіктермен қатар, зор жауапкершілік те жүктеп отыр.

AI-SANA —

ЦИФРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетудің негізгі тетіктері ретінде цифрлық жаңғырту, жасанды интеллектті жаппай енгізу және кең көлемді цифрландыру үдерістерін ерекше атап өтті. Аталған бағыттар Қазақстанның барлық саладағы әлеуетін еселеп арттыратын стратегиялық басымдық ретінде бағаланды. Бұған дейін де Мемлекет басшысы еліміздің кадрлық әлеуетін нығайту мақсатында жасанды интеллект саласындағы мамандарды даярлауға арналған AI-Sana бағдарламасын кезең-кезеңімен іске асыруды ұсынған болатын. Бағдарлама білім беру, ғылыми зерттеу және стартаптық бастамаларды дамыту үдерістерін ұштастыратын серпінді экожүйе қалыптастыруға негізделген.

Бұл бастама цифрландыру, автоматтандыру және жаңа технологияларды өмірдің барлық саласына енгізумен қатар, еңбек нарығындағы түбегейлі өзгерістер мен кәсіби сұраныстың жаңа форматын қалыптастыруға ықпал етеді.

Осы мақсатта Ғылым және жоғары білім министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған халықтың табысын арттырудың 2029 жылға дейінгі бағдарламасы аясында «Мамандығым – болашағым» жобасын іске қосты. Жоба шеңберінде Жетісу өңірінің жаңа мамандықтар атласы әзірленіп, онда құрылыс материалдары, тоқыма, тамақ өнеркәсібі, аккумулятор өндірісі сынды жетекші салаларға қажетті жаңа мамандықтар нақтыланды. Сонымен қатар, жаңа экономиканың талаптарына сәйкес робототехника, экологиялық менеджмент, цифрлық логистика, 3D модельдеу, «ақылды» жолдарды жобалау, смарт-маталар өндірісі, тіпті эмоционалды күйді басқару сияқты бағыттар да қамтылды. Мұндай жаңа мамандықтардың пайда болуы еңбек нарығын жаңғыртып қана қоймай, еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл үдерісте жаңа мамандықтарды қалыптастырумен қатар, білім беру жүйесіне заманауи технологияларды енгізу де маңызды рөл атқарады. Осыған сәйкес жасанды интеллекттің пайдалану білім беруді жекелеңдіру мен тиімділікті арттыруға бағытталған саналы қадам болып отыр. ЖИ студенттің үлгерімін нақты уақыт режимінде талдауға, жеке оқу траекториясын құруға, қиындықтарды алдын ала болжауға және оқу бағдарламаларын оңтайландыруға мүмкіндік береді. Алайда, ЖИ оқытушыны алмастырмайды, керісінше оның шығармашылық және тәлімгерлік рөлін күшейтеді.

Осы тұрғыда Жетісу университеті «AI-Sana» жобасын іске асырып, оқыту мен басқарудың жаңа цифрлық моделін қалыптастыруды көздеуде. Ғылым және жоғары білім министрлігінің флагмандық бастамасы ретінде университет ресми түрде зекірлік жоғары оқу орны мәртебесіне ие болды.

Оқу орнының стратегиялық бағыттарының нәтижесі ретінде қазіргі таңда 5 400-ден астам студент арнайы курс бағдарламасын меңгеріп, жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдану бойынша сертификатқа ие болды.

Алдағы уақытта университет ЖИ негізіндегі бес агентті енгізуді жоспарлап отыр. Бұл агенттер оқу материалдарын автоматты әзірлеу, студенттердің үлгерімін талдау және оқытушы еңбегін оңтайландыру міндеттерін атқаратын болады.

Мемлекет басшысы соңғы Жолдауында: «Жасанды интеллектімен жұмыс істеу құзіретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни мектеп қабырғасынан қолға алынуға тиіс. Осыған орай бірқатар бастаманы жүзеге асырған жөн. Ең алдымен, мектеп оқушыларына арналған жасанды интеллект негіздері туралы бағдарлама және оқу материалдарын әзірлеу қажет. Ұстаздардың жасанды интеллект технологиясын меңгеру дағдысын да қалыптастыру керек болады», – деп атап өтті.

Осы бағытта I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті – өңірдегі педагог мамандарды даярлайтын бірден-бір білім ордасы ретінде жасанды интеллект пен ақпараттық технологияларға бағытталған бірнеше білім беру бағдарламаларын іске асыруда.

Атап айтқанда, «6B06104 – Smart жүйелерді жобалау», «6B06103 – Ақпараттық жүйелер архитектурасы», «6B06102 – Ақпараттық жүйелер» мамандықтарының студенттері «Интеллектуалды робототехникалық жүйелер», «ARDUINO ортасында бағдарламалау», «Нейрондық желілер», «Big Data», «Жасанды интеллект», «Интернет заттар (IoT)», «Машиналық оқыту», «Блокчейн технологиясы», «CASE-технологиялар негізіндегі автоматтандырылған жобалау» сияқты пәндерді меңгеруде. Бұған қоса, барлық мамандықтардағы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінде SMART технологиялар мен ЖИ тақырыптары кеңінен қамтылған.

2024-2025 оқу жылында университетте жасанды интеллект (ЖИ) бағыты бойынша бірқатар маңызды бастамалар іске асты. Smart жүйелер мен жасанды интеллект институтының (ISSAI) мамандары профессор-оқытушылар мен жас ғалымдарға семинарлар өткізіп, жасанды интеллектті қолдану тәжірибелерімен бөлісті. Сондай-ақ, қысқы және жазғы мектептерде семинарлар ұйымдастырылып, ай сайынғы «Педагогикалық шеберлік» іс-шарасында ЖИ құралдарын білім беру процесіне интеграциялау жолдары талқыланды.

Университет жанынан Жасанды интеллект және виртуалды шыңдық зертханасы ашылып, Huawei компаниясымен стратегиялық серіктестік орнатылды. Келісім аясында университетке арнайы жабдықталған кабинет беріліп, екі оқытушы шетелде кәсіби біліктілігін арттырды.

Жетісу университетінде жас ғалымдар да ЖИ саласына белсенді атсалысуда. «Jas Galym – 2025» байқауында «Кіріктірілген жасанды интеллект бар дауыстық көмекші әзірлеу» жобасы жеңіске жетіп, 2 000 000 теңге көлемінде грант иеленді. Старттап байқауында студенттер «Жасанды интеллект көмегімен мультипликациялық фильмдер жасау» атты әзірлеме ұсынды. Ал университет оқытушысы Райгүл Желдібаева «Жас ғалым» байқауында «Тілдік емес мамандық білім алушыларының академиялық ағылшын тілін меңгерудегі көмекшісі ретінде жасанды интеллект: рандомизацияланған сынақ» тақырыбындағы жобасымен жеңімпаз атанды.

Жоғары білім беруді модернизациялау аясында университет базасында жасанды интеллект және Виртуалды шыңдық зертханасы ашылып, Физика-математика факультетінде Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект кафедрасы құрылды.

2024-2025 оқу жылында барлық бакалавриат бағдарламаларына «Жасанды интеллект негіздері» пәні, ал магистратура мен докторантураға арналған білім беру бағдарламаларына «Жасанды интеллектпен оқытудың заманауи тәсілдері», «Басқарудағы сандық технологиялар», «Бизнес зерттеулеріндегі жасанды интеллект және деректерді талдау», «Жасанды интеллект және зияткерлік меншік», «Жасанды интеллекттің экономикалық үдерістерге әсері» сияқты пәндер мен модульдер енгізілді.

Сонымен бірге университетте ғылыми зерттеулердің цифрландырылуы қолға алынған. Биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институтының, зертханалардың және ғалымдардың зерттеу нәтижелері кезең-кезеңімен цифрлық форматқа көшіріліп, арнайы Цифрлық ғылыми порталға жүктелуде. Бұл бастама ғылыми деректердің қолжетімділігін арттырып, зерттеу қызметін жүйелеуге мүмкіндік береді.

«AI-Sana» жобасы аясында Жетісу университеті білім беру мен ғылымды жаңа деңгейге көтеруге бағытталған нақты қадамдар жасап отыр. Бағдарлама мыңдаған студент пен жас кәсіпкерге ЖИ-дің қыр-сырын меңгеріп, оны өз кәсібінде тиімді қолдануға жол ашуда.

Жетісу университеті алдағы уақытта осы жобаға қосылу арқылы жасанды интеллектті терең меңгерген сапалы маман даярлауға басымдық береді. Өйткені, жасанды интеллектке негізделген оқыту жүйесін қалыптастыру тек университеттің жетістігі ғана емес, еліміздің индустриялық-инновациялық дамуына бағытталған маңызды қадам болып саналады.

Ермек БӨРІБАЕВ,

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма төрағасы – ректоры,

заң ғылымдарының докторы, профессор

«ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ШЕШУ»

ПРЕЗИДЕНТ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫН ЖАРИЯЛАДЫ



ФОТО: AKORDA.KZ

«Қазіргі құзырлы министрліктің негізінде жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру қажет деп санаймын. Жаңа министрлікті премьер-министрдің деңгейіндегі маман басқаруы керек», – деген Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанды үш жыл ішінде жаппай цифрлық елге айналдыру міндеті тұрғанын да айтты.

■ КӨЛІК ДӘЛІЗДЕРІ – ЭКОНОМИКА ДРАЙВЕРІ

Мемлекет 2029 жылға дейін халықаралық маршруттар құрамына кіретін 4 мың шақырымнан астам автомобиль жолын жөндеуден өткізуді жоспарлайды. Халықаралық және ішкі жүк ағындарын тиісті деңгейде қамтамасыз ету үшін халықаралық дәліздерді модернизациялау да – басым бағыт. Мемлекет басшысы Жолдауда транзит мәселесін де көтерді.

– Көлік-логистиканы одан әрі дамыту керек. Еліміз Еуропа мен Азияның арасын жалғап тұрған аса маңызды көпір болып саналатыны кеңінен белгілі. Былтыр біздің территориямыз арқылы жүк тасымалдау көлемі 1 миллиард тоннадан асты. Сонымен бірге, еліміздің транзиттік әлеуетін арттыруға әлі де зор мүмкіндік бар, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізі Парсы шығанағы мен Оңтүстік Азия елдерінің нарығына тікелей жол ашады. Ал «Шығыс – Батыс» дәлізі мен Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» жаһандық бастамасы Қазақстанның Еуразиядағы негізгі құрлық жолы ретіндегі рөлін күшейте түседі.

– Біз үшін Транскаспий көлік бағытын дамытудың маңызы арта бастады. Бұл бағыттардың бәрі біртұтас жүйе сияқты жұмыс істеп, елімізге едәуір табыс әкелуі керек. Сондай-ақ, инфрақұрылымды жақсартуға жаңа инвестиция тартуы қажет, сапалы жұмыс орындарын ашуға ықпал етуге тиіс. Осы орайда, цифрлық тәсілдерді ауқымды түрде қолданған абзал. Онсыз ешқандай тиімділік болмайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өңірлердің көлік байланысына қатысты мәселемен мықтап айналысу керектігін баса айтты.

– Ірі транзиттік аймақ саналатын Қазақстан үшін бұл бағыт айрықша маңызды. Біз тауда Ұытнамға Қытайдың Ляньюньган порты арқылы бидайдың алғашқы легін жөнелттік. Ауғанстанда Пәкістан нарығына шығуға мүмкіндік беретін «Түргунди – Герат» темір жолын салу жоспарда бар. Алайда, жаңа көлік бағыттарына және жаңа нарықтарға жол ашатын мүмкіндіктер мұны мен шектелмейді. Алда атқарар шаруа көп. Жалпы, әлемде транзит үшін бәсеке күшейіп бара жатыр. Басқа да арзан балама бағыттар мен жолдар ұсынылуда. Транзиттік тасымалдың көлемін арттырамыз десек, біз алдын ала әрекет етіп, әрдайым бір қадам алда болуымыз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент биыл ұзындығы 836 шақырым болатын «Достық – Мойынты» темір жолының екінші желісі іске қосылатынын атап өтті.

– Жобаны өз күшімізбен өте қысқа мерзім ішінде жүзеге асырдық. Бұл жолдың мән-маңызы ерекше, себебі «Шығыс-Батыс» бағытының жүк өткізу мүмкіндігін айтарлықтай арттырады. Бірақ, мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Үкімет «Бақты-Аягөз», «Қызылжар-Мойынты» жобаларын уақытылы жүзеге асыруға тиіс. Себебі, аталған жобалар еліміздегі теміржол жүйесінің толық қаңқасын қалыптастырады, – деді Мемлекет басшысы.

■ ТОРҒАЙ ӨНІРІ ҚАЙТА ТҮЛЕЙДІ

Астанадан Арқалық, Торғай және Ырғыз арқылы Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне тура шығатын автокөлік жолы салынады. Бұл туралы Мемлекет басшы-

сы көктемде Бурабайда өткен IV Ұлттық құрылтайда Үкіметке осындай маңызды тапсырма жүктеген еді. Жалпы, Торғай аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуы Үкіметтің айрықша назарында болуы керектігін Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында тағы айтты.

– Жұрттың вагондардың жай-күйіне көңілі толмайды. Астанада вагон құрас-тыратын зауыт іске қосылды. Бұл осы саладағы өзекті мәселелерді шешу үшін жасалған маңызды қадам болды. Озық халықаралық стандартқа сай жабдықталған заманауи жолаушылар вагонын жасау шетел инвесторының қатысуымен қолға алынады. Соңғы жылдары авиация инфрақұрылымын жаңғырту үшін көп жұмыс істелді. Былтыр Алматы, Шымкент, Қызылорда қалаларында жаңа терминалдар ашылды, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жақында Зайсанда, Қатонқарағай және Кендірліде әуежай құрылысы аяқталатынын айтты.

– Арқалық әуежайы қалпына келтіріліп жатыр. Бұл жобалар аймақтардың экономикалық белсенділігін арттыруға ықпал етеді, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді, сондай-ақ, басқа да бірқатар саланың дамуына серпін береді. Сондықтан, бұл жұмыс өз жалғасын табады. Жалпы, Торғай аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуы Үкіметтің айрықша назарында болуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Міне, тарих қойнауындағы Торғай өңірі қайта түлейді. Ол Үкіметтің ерекше назарында болады. Оны Президенттің өзі қадағалайды.

■ ПРЕЗИДЕНТ БІР ПАЛАТАЛЫ ПАРЛАМЕНТ ҚҰРУ ТУРАЛЫ БАСТАМА КӨТЕРДІ

Өткен 30 жылда Сенат аса маңызды тарихи миссиясын абыроймен атқарып шықты. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында айтты.

– Бүгін мен еліміздің жасанды интеллект негізінде әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай оқ ықпалын тигізетін жаңа саяси реформа туралы ойымды ортаға салғым келеді. Бұл жерде парламенттік реформа туралы айтақты тұрмын. Жоғары екілді билік тармағына қатысты реформаны бұған дейінгі барлық өзгерістің, соның ішінде Президент билігіне қатысты өзгерістердің заңды жалғасы деуге болады. Біз Әділетті Қазақстанды құруға кірістік. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатына сәйкес билік пен халықтың арасында ашық әрі бүкпесіз диалог орнатып жатырмыз. 2022 жылы маусым айында елімізде жалпыұлттық референдум өтті. Онда азаматтарымыздың басым көпшілігі «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы негізінде мемлекетімізді жан-жақты жаңғырту стратегиясына қолдау білдірді, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пайымынша, соңғы жылдары Қазақстанда, тіпті, шетелдерде болып жатқан оқиғалардың өзі біз таңдаған бағдардың дұрыс екенін көрсетіп берді.

– Дегенмен, бір жерде тоқтап қалуға болмайды. Біз еліміздің және кейінгі ұрпақтың болашағын тереңнен ойлауымыз керек. Менің жылдың басында «Ана тілі» газетіне ауқымды сұхбат бергенімді білесіздер. Онда «Реформа – ұдайы жүретін үдеріс, қоғамда нақты сұраныс болса, жаңа реформалар әзірленеді» деп айттым. Елімізде парламенттік реформа мәселесі кемінде жиырма жылдан астам уақыт бойы айтылып келеді. Осы мәселе ашық та, жабық та талқыланып жүргені ешкімге құпия емес. Бұл тақырып әлі күнге дейін өзекті болып отыр. Сондықтан, мемлекеттік жүйе дамып, азаматтарымыздың саяси мәдениеті өсіп келе жатқанын ескере отырып, бұл мәселені халықтың талқысына салу айрықша маңыз-

ды деп санаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Сенат 1995 жылы елімізде құрделі әрі тұрақсыз саяси жағдай болып тұрған сәтте Парламенттің жоғары палатасы ретінде құрылғанын еске салды.

– Ол кезде мемлекеттігіміздің негізі енді ғана қалыптаса бастаған аса қиын жолдың басында тұрған едік. Сенатқа мемлекет құру ісіндегі тұрақтылықты қамтамасыз ету тарихи міндеті жүктелді. Өткен 30 жылда Сенат өзінің осы аса маңызды тарихи миссиясын абыроймен, тиімді атқарып шықты. Жоғары палата заң шығару үдерісінің, басқа да негізгі реформалардың айрықша маңызды тетігі әрі кепілі болып келеді, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Мемлекет басшысы бір палаталы Парламент құру туралы бастамасын көтеріп, оны 2027 жылы жалпыұлттық референдумда халықтың өзі шешетінін айтты.

– Мен Сенатқа он жыл басшылық еттім. Бұл жұмысты қашанда зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік деп санадым. Сондықтан, маған осы мінберден парламенттік реформа туралы айту оңай емес. Соған қарамастан мен дәл бүгін елімізде көп ұзамай бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтергім келеді. Бірден айтайын, бұл – өте маңызды мәселе. Оны асығыс жүзеге асыруға болмайды. Бұл реформа азаматтық секторда, сарапшылар ортасында, сондай-ақ, әрине, қазіргі Парламентте жан-жақты талқылануы қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысы реформаның мән-маңызы айрықша екенін ескере отырып, оны талқылауға бір жыл уақыт керек деп ойлайтынын жеткізді.

– Содан кейін, яғни, 2027 жылы жалпыұлттық референдум өткізуге болар еді. Содан соң Конституцияға тиісті өзгеріс енгізе аламыз. Мен мемлекеттің тағдырын айқындайтын барлық мәселе халықтың келісімімен ғана шешіледі деп бұған дейін бірнеше рет айттым. Егер бір палаталы Парламент құру қажет деген ортақ шешімге келсек, ондай Парламентті тек қана партиялық тізім бойынша сайлаған жөн деп санаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің атап өтуінше, бұл – әлемде кеңінен тараған парламенттік рәсім.

– Осылайша, Мәжілістің қазіргі құрамы барлық заңдық рәсімдер аяқталғанша өз ісімен айналыса береді. Сенат жалпыұлттық референдумның қорытындысы шығып, жаңа Парламент сайлауы өткенге дейін алаңсыз жұмыс істейді. Ал саяси партиялардың бәсекелі тартысқа дайындалуына уақыты болады. Депутаттарымыз нағыз мемлекетшіл азамат ретінде бұл мәселеге зор жауапкершілікпен әрі түсіністікпен қарайды деп ойлаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының атап өтуінше, саяси реформалардың бәрі еліміздің біртұтас институционалды жүйесінің ажырамас бөлігіне айналады.

– Әрине, заңды сұрақ туындауы мүмкін: Президент Парламенттік реформа жасау қажеттігі туралы неге соншалықты ерте жариялап жатыр, әйтпесе, саяси технологияның қағидаларына сәйкес мұндай шаралар тосыннан, күтпеген жерден жасалады емес пе? Бірақ, мен осыған дейін де айттым, тағы да қайталап айтамын: мен еліміздің және халқымыздың тағдырына қатысты қандай да бір мәселеге келгенде тек қана ашық саясат жүргізуді керек деп санаймын, мұндай ауқымды реформаны қоғамнан құпия ұстауға болмайды деп есептеймін. Осындай тағдырлы мәселелер бойынша халықпен ашық сұхбат жүргізуді қажет деп сенемін. Сонда ғана біріміз бір ел болып, Әділетті және Қуатты Қазақстанды құру жолында тағы бір маңызды қадам жасаймыз, – деді Президент.

■ ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУДА ТАҒЫ ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕЛЕР КӨТЕРДІ?

- Қасым-Жомарт Тоқаев тағы екі атом электр станциясының (АЭС) жоспарын әзірлеуді тапсырды.
- Жаңа Құрылыс кодексі жыл соңына дейін қабылданады.
- Тау-кен саласында жоғары технологиялық өнім шығаратын үш кәсіпорын іске қосу тапсырылды.
- «Өкінішке қарай, солардың ішінде айқай-шу шығаратын, балағат сөздер айтып, қоғамдық тәртіпті бұзатын әйелдер де бар. Бұл – мәдениетті, өркениетті қоғамға жараспайтын қылық, еліміздің халықаралық қоғамдастықтағы беделіне зиян келтіретін құбылыс».
- Енді салықтан түскен әр теңге халықтың игілігін жұмсалады.
- «Қазіргі көкірегі ояу жас ұрпақ отан-шылдық деген сөзді басқаша қабылдайды. Жастардың басым көпшілігі әсіредіңшілдікті, әсіреұлтшылдықты қолдамайды».
- Билік құрылымдары инфрақұрылым жобаларының ашықтығын қамтамасыз етуге міндетті.

МАҚАЛАНЫҢ
ТОЛЫҚ
НУСҚАСЫН
ГАЗЕТТІҢ
САЙТЫНАН
ОҚЫҢЫЗ



АҒАРТУШЫЛЫҚТЫҢ АУҚЫМЫ

НЕМЕСЕ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН АШҚАНҒА ДЕЙІН МЕКТЕП БОЛМАҒАН БА?



■ Хүснi Нұралыханова (ортада) ашқан алғашқы қыздар жеке мектебiнiң бiр топ шәкiрттерi.

ма-оқымыстылары, қазір хазірет, молда, т.б. жалпы атаумен айтып жүрген ойшылдар тау-сылмас білім нәрінен сусындаған екен-ау!..

■ САХАРАҒА СӘУЛЕ ТӨККЕН

Жасыратыны жоқ, бүгінгі күнге дейін Ыбырай Алтынсаринді «Дала қоңырауы» деп масаттанып жүрміз. Шындығында, қалай еді? Тарих қалай сөйлейді? Оны ойланып жатқан пенде бар ма?..

Әріге бармай-ақ, қарапайым ғана қисынға жүгінейікші. 1841 жылы Ыбырай Алтынсарин Торғайда өмірге келіп, 1864 жылы ғана Торғай даласында төрт сыныптық орыс-қазақ мектебін ашады. Алайда, бұл қазақ даласындағы тұңғыш ағартушылық қызмет емес еді. Ыбырай атамыз дүниеге келген жылдың 6 желтоқсанында Ішкі Қазақ Орда-сында (Бөкей Ордасы) екі басқашты орысша-қазақша мектеп ашқан Жәңгір (Жиһангер) Бөкей баласы болатын. Оны белгілі этнограф, Орыс география қоғамының мүшесі Мұхамбет-Салық Бабажановтың жазбала-ры да растайды. Жәңгір хан Ордада мектеп ашпас бұрын имандылық нұрын себу үшін мешіт салғызған.

Сосын Санкт-Петербургтегі Орыс геогра-фия қоғамының Ботаника бағының бөлім-шесін ашуға мұрындық болады. Оған айғақ – Жасқұста сымдай тартылып жайқалып, төңірекке саф ауа беріп тұрған қарағайлар. Жәңгірдің осы бір игі қадамының өзі оның қаншалықты зерделі, келешекті ойлайтын сұңғыла қайраткер болғанын дәлелдейді.

Айталық, Жәңгір мектебінің шәкірттері қатарында М.С.Бабажановты айтапғанда, ағартушы-қайраткер Мақаш әкім (Мұха-меджан) Бекмұхамбетов, Бақтыгерей Құл-манов, Шәңгерей Бөкеев, Ғұмар Қараш, Шәкір Жексенбаев, т.б. есімдерді атауға бо-лады. Бұлардың әрқайсысы оқуын Ресейдің ірі қалаларында тереңдетіп, айналасындағы қаншама жұрттың көкірегін оятқанын санап тауысу мүмкін емес.

Осы мектепті ашпас бұрын Жәңгір хан 1826 жылы Қазан университетінің ректоры, сан саланың білгірі К.Ф.Фукске «өз орда-сында мектеп ашып, жетізу ісіне қазақ бала-сының да қолын жеткізу арманы барын» айтыпты. Бұған таңырқап әрі сүйіспеншілік білдірген К.Фукс: «Өзінің бас кезінде, ханды-ғының бас кезінде, тіпті, Ордада әлі бірде-бір үй тұрғызылмаған кезде, оның білімнің пайдасы жөнінде осы бастан ойлануы қан-дай ғанибет?» деп жазды. Содан кейін хан тыным көрместен жан-жаққа өзінің бұлт-артпас ұсыныс-пікірлерін жолдай жүріп, ақыры арманын өз күшімен жүзеге асыра-ды. Көзкөргендерден жеткен естеліктерге қарағанда, қарағайдан қиып салынған мек-теп сол тұстағы Ордадағы әдемі де еңселі үйдің бірі болған көрінеді.

Әбілқайыр шөбересі, Нұралы немересі, Бөкей баласы Жиһангердің Еділ-Жайық ара-лығына хандық құрған ширек ғасырға жуық кезеңінде көрнекті мемлекет қайраткері ре-тінде танылғаны өз алдына, заман талабы-на сай туған үлкен колоритті тұлға есебінде Ішкі Орданың мемлекет құрылымы болып қалыптасуына зор еңбек сіңірді.

Сонымен қатар, Кіші жүзде тұңғыш жәр-меңке ұйымдастырып, Кіші жүз журтының шөжіресін құрастырды. 1845 жылы Қазан қаласынан «Мүқтасар» («Миохтесерюль-виг-кает» – «Зандардың қысқаша жинағы») атты араб тіліндегі мұсылман заңдарының жинақ кітабын шығарды.

Мұның бәрін елеп-ескерген Ресей им-периясы өз тарапынан Жәңгір Бөкейұлын І дәрежелі «Әулие Анна» орденімен марапат-тап, «генерал-майор» әскери шенін тақты. Ал, әр қадамын есепке құратын айлакер та-р жұрты Қазан университетінің Ғылыми Кеңесінің құрметті мүшелігіне сайлаған Жәңгір хан – мұндай жоғары мәртебеге ие болған тұңғыш қазақ.

Ордадағы еңселі үйдің бірі – ханның қарағайдан қиып салдырған екі қабатты мектеп үйінің іші-сырты бірдей аса көрнекті еді. Оқушы партасы, мұғалім үстелі мен орындығы, сынып тұтасы, шығыстық на-қышта оймышталған буылытқ ағаш баған да ғимарат ішінің жоғары талғаммен безен-

дірілгеніне дәлел. Халық санасын ашудағы қызметін түсіндірмек болған Жәңгірдің өзі білді деп жазды: «Біздің балалар қоғамға ізгілікті түрде қызмет ету үшін білім ала оты-рып, барлық ғылымды біле алады деп жар саламын. Осының бәрі мені қатты қуантады, себебі білімге қолы жетуі – менің халқым үшін ең үлкен бақыт!..»

■ БӘЙБІШЕЛІК МЕКТЕПТІҢ МАҢЫЗЫ

Қазақ даласына білім нұрын шашып, отырықшы өмірді, оқу-ағарту ісін ұлықтаған хан Жәңгірдің қайраткерлігі қаншалықты зор болса, оның екінші әйелі Фатима Мұха-меджанқызы Хұсайынованың (1809-1845) да ұлт тарихындағы ағартушылық рөлін елеусіз қалдыру ауыр күн. Бұған қарап, ханның бәйбішесі Жүзім мен аққолтығы Айсулудың ақылы төмен деген кемісүйшілік тұрғыдағы ұғым қалыптаспауы тиіс. Фатима-ның дәуір талабына саналылықпен қарап отырғанын атап көрсеткен жөн. Заманында мұсылманша және еуропаша жақсы білім алып, тәрбие көрген зиялы әрі ақылды әйел бірнеше тілді еркін меңгерген. Ханға кеңес-ші ретінде көптеген істерді ақылдасып шешіп отырады.

Фатима тоташтың ерекше жақсылығы – оқу-білім тарату, отырықшы өмірге көшу жөніндегі ханның ойын жақтаған. Орданың салынуына ықпал етіп, Жәңгір ашқан мектеп-те сабақ та береді. Кейін Нарын құмындағы қазақ қыздарына би мектебі мен арнайы үйірмелер ұйымдастырған, бәйбішелікті төлім беріп үйреткен Фатима тоташтың бұл еңбегінің арғы төркіні оның Өбөнің (Уфа) атақты мұфтіі Құсайыновтың қызы екенін-де жатыр. Ендеше, «қарнына тартпағанның қары сынсын» деген сөз осыдан қалса керек.

Қараңызшы, бәйбішелік мектебі!..

Атауының өзі бөлек естіледі, халық үшін терең мағыналы тәрбиелік құралдың бірі бұл. Шынында, осының өзі ағарту емес пе?! Қазір ақпарат құралдарында сөз байласып, ресми некеге тіркелгендердің көп ұзамай-ақ ажырасып кететіні жөнінде статистикалық мәліметтер келтіріледі. Оның себебін түсін-діріп берер ешкім жоқ. Өйткені, бұған мән беріп, зерделеген құрылым түглілі ой жүгір-тен адам көрінбейді. Ал, жұбайлық өмірдегі әдемі сыйластық әйелге байланысты екенін ұғынған Фатима тоташ пен қайыңшiлiсі Хұснижамал Нұралыханованың бұдан екі ғасырдан астам уақыт бұрын салып кеткен бәйбішелік мектебін құрты қалыптастыра ал-май отырмыз. Ащы да болса, шындық осы!..

Дәм-тұздың жараспау себебін жастардың өздері «мінезіміз келіспеді» деп түсіндіреді. Өкінішке қарай, оның әр жағында тәрбиеге қатысты талай нәрсе жатқаны анық. Елге де, ерге де пайдасы жоқ тікбақай қыздар үй ұстап жарыта ма?! Тәрбиеден, ата-әженің ұлағатынан ажырап қалған олар отбасылық сыйластық дегенді білмейді, сол себепті де сөздің парқын ұғынбайды. Дарақы ұл мен сорақы қыздан күтер болашағымыздың түрі мәлім ғой. Демек, Фатима тоташтың келе-шекке қалдырған аманат-парызын, бүгінгі ұрпақтың алдында тұрған борышты сезіну – зор жауапкершілік. Ал, Бөкей Ордасында кейін ашылған қыздар гимназиясында сол асыл тәрбиені үйреніп, бәйбішелік мектептің әдістемесін игерген, соңынан Санкт-Пете-рбург, Мәскеу қалаларындағы оқу орындар-ын бітірген қазақтың 9 қызы қайда екенін де білетін адам жоқ.

Жасыратыны жоқ, қазақ даласындағы білім беру жүйесінің пайда болуы бұған дейін Ыбырай Алтынсариннің есімімен бай-ланысты аталып келді. Кейде осы салаға қатысты Шоқан мен Абайдың есімдерін де естіп қаламыз. Алайда, қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтан – 34 жыл, тұңғыш кәсіби қазақ ұстазы Ыбырай Алтын-сариннан – 40, ұлы қазақ ойшылы Абай Құнанбаевтан 44 жыл бұрын қазақ дала-сында ағартушылықтың қадасын қаққан – Жәңгір хан Бөкеев. Бұл – қалтқысыз ақиқат.

Бір жутаса жоқ болар мал-дәулеттің байлығынан гөрі күннен-күнге көп бо-латын, еш жұтамас оқу-білім байлығын артық көрген қазақ иен даланың негізгі нүктелерінен ұрпағына әріп танытар ұлағат

ұяларын ашуды әу бастан көздегені рас. «Қызмет қылсын, шен алсыннан» гөрі бала-сын медресеге біл деп берген көзі ашық аза-маттар «дүниеде әптиектен де терең оқудың» барын шын сезінді, оқыған ұлдың намысы тапталмасын көкірек көзімен көре білді. Сондықтан, ағарту орындарын көбейтіп қана қоймай, біртіндеп ондағы жүйені жетілдіруге де қарқын қосты.

■ ЖӘДИТШЕНІҢ ШУАҒЫ

Тарихтың ақиқатын екшеп көрсек, бұқа-раны иландырар бір шындық бар. Ол – жәдит жүйесі арқылы халықтың көкірегіне нұр құйып, жүрегіне сәуле түсіруді Ысмай-ыл Гаспринскийден де бұрын ойластырған Жәңгір ханның ағартушылық болмысы. Хал-қын тақта отырып басқаруға қабілеті жете тұрса да, күш-жігерін ұлттың келешегі жо-лында сарқа жұмсаған қазақтың соңғы ханы Ордадағы мектептен қаншама шәкірт түлет-ті. Кейін солардың көпшілігі мемлекеттің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосты.

Білім саласындағы қысымшылықтан құ-тылу үшін жаңа ілім – жәдит жүйесі арқылы математика, физика, тіл, тарих, т.б. негізгі пәндер оқытылды. Діни сабақтарға құрылған «хадим мектептеріне» қарағанда, Ислам оқуларымен қатар дүния ілімін меңгертетін «жәдит жүйесінің» аса қажеттігін ұққан түрік оқымыстысы, қырым татарларының ағартушысы Ысмайыл Гаспринский түрлі тақырыпқа қалам тербеп, газет шығарды, баспа ісімен шұғылданды. Елдің көзі сон-дай ұлы істер арқылы ашыларын болжай білді. Өнер мен мәдениеттегі ілгерілеу де ағартудың бір тәсілі деп ұғынды.

Негізінде, жәдит – новаторлық, жаңашыл қозғалыс. Бұл тек қана мектеп реформасына қатысты емес, экономика, руханият тәрізді барлық саламен сабақтас нәрсе. Мұсыл-ман ренессансы дәуірінің басты оқиғасы – нақшбандийа тариқатының муджаддидийа қанатының ішіндегі жаңаша оқыту тәсілі. Ке-рек десеңіз, мұның түбінде де жәдит деген сөз тұр. Демек, бұл – революция!..

Осы жерде «1917 жылы Кеңес өкіметі жағына өз еркімен шыққан Ғұмар Қараш, Сейітқали Мендешев, Нұғыман Залиев, Темірбек Жүргенов, басқа да ғалымдар неге ойланбай-ақ, еш бұлтқасыз комму-нистер өкіметін қабылдады?» деген сұрақ туындауы әбден мүмкін. Оған себеп – аталған қайраткерлердің арман-мүддесі мен туғырнамасында түйсетін тұстар, атап айтқанда, халықшылдығы, төңкерісшілдігі, егер өзгеріс жасаса «тізеге салып қиратып бірден жасау» тәрізді қасиеттер арқылы мүдде ортақтығы бар болатын. Сондықтан, «неге коммунист болып кетті?», басқа да оралымсыз сауалдар тастаудың еш жөні жоқ. Қазір «қазақты кеңестендірген – өткен ғасырдың 20-30 жылдары, тек сол ғана Кеңес Одағына тән мәдениетке көшірді» деуге де себеп жеткілікті.

XVIII ғасырда муджаддидийамен бастал-ған революциялық қарекет – жәдитшілдік XX ғасырдың 30-жылдары Совет өкіметінің игілікті ісімен ұштасып, тиянақталды. Қазақ-тың тез сауаттануына мұның тигізген әсері зор болды. Әйтпесе, қазақ онсыз да осы процеске келе жатқанымен, Кеңес өкіметі құрылмағанда сауат ашу мерзімінің әлі де отыз-қырық жылға созылуы мүмкін еді. Мына жағдай жиырма жылдың ішінде тарих деңгелегін шапшаң айналдырып жіберді.

Тіпті әрілесек, қазақ – аса сауатты халық. Бізді сауаттан тыс қалуға тек кешегі алағай-бұлағай замандар мәжбүр етті. Себебі, күнкөріс қажет. Соның кесірінен оқуға

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Шындығында, «хат жаздым қалам алып сізге, еркем...» деп сызылта өн шырқаған бозбала мен қалаған жігітіне кестелі орамал сылаған байжеткен-нің сауаты болмады деген не, тәйірі. Мұның өзі бөлек мәдениет, ерекше талғам!.. Демек, қазақ халқына оқу-сауат күні кешегі Ыбырай Алтынсаринмен келген жоқ. Оның түп-төркінін бірнеше ғасыр әріден іздеген жөн. Біздің айтпағымыз да, дiттегенiмiз де сол едi.

мүмкіндік болған жоқ. Мұндай қиын за-мандарда қалың бұқараның ішінен тек ілуде біреуі ғана оқитын.

Демек, қазақ даласында мектептер Қазан төңкерісіне дейін де болған. Қазіргі Атырау облысы бойынша 70-тен астам мектеп, бір ғана Қызылқоға ауданының аумағында 10-нан астам мешіт-медресе жұмыс жасапты. Олардағы оқу бағдарламасы, білім беру жүйесі мен тәртібі орыс-қазақ мектептерінде-гі әдістемеден алдеқайда өзгеше еді. Бірақ, бұл мектептердің пайдасы сол, дәстүрлі Ис-лам дінін насихаттаумен қатар, араб, пар-сы, өзбек, әзербайжан – жалпы түркі тілдес халықтар классиктерінің шығармалары оқы-тылып, сондай білім берілді.

Тарихи құжаттарға қарағанда, Қаза төңкерісіне дейін жұмыс жасаған діни мек-тептер жәдит және қадим мектептері болы екі түрге бөлінеді. Атырау жерінде көбірек болған қадим мектептері діни пәндерді оқытуға басымдық берген. Атап айтқанда, Құранға дейінгі соның бөліктері – Құран-ның жетіден бір бөлігі әптиеқ, одан басқа бадауам, ахирзаман, исфаки сияқты пәндер оқытылды. Бірақ, мектеп мұғалімдері за-ман талабына қарай біртіндеп еуропалық білімді енгізу мәселесін де көтереді. Мыса-лы, қазіргі Индер ауданының аумағындағы Толыбай құмында Әйіп қажы Бекенұлы-ның Көкмешітіндегі жұмыс бағыты өзгеріп, кеңестік оқу бағдарламасына саналы түрде ауыстырылған. Ал, Қызылқоға өңірінде Хасан хазірет, Самалық қажы, Қарабала имам деген ағартушы-қайраткерлер бо-лыпты. Қарабала салдырған мешіт қазіргі Қарабау ауылынан қашық емес, он екі аталы Байұлы тайпасына қарасты Беріш руының Қаратоқай атасының қоныс қылған жерінде екен. Өкініштісі сол, бұл мектептерде жұмыс жасаған мұғалімдердің өзі түгліі, оқыған ба-лалары да кеңес өкіметінің қаһарына ілігіп, қуғын-сүргінге ұшырады.

Задында, қазіргі Атырау облысының ау-мағында жұмыс жасаған оншақты «Қызыл үй» мектебінің алғашқы іргетасы Жайық өзе-нінің бұқар бетіндегі Есбол жерінде, қазіргі Ақжайық ауылының шығыс бүйірінен 1881 жылы қаланған болатын. Оның құрылысын осы аумақтың старшинасы болған, руы – Есен-Беріш Зұлқарнай Шәкілқұлының өзі ұйымдастырады. Облыс халқына белгілі дәрігерлер Тұрар, Серік Шәкіліковтердің атасы Орал қаласынан Жайық арқылы құрылыс материалдарын жеткізіп, қажетті тасты жергілікті жерден бастырып, ауа райы-на қолайлы болу үшін оны күйдіріп, еңселі ғимарат тұрғызған. Қаланған тастың сырт пішіні қызыл болғандықтан, мұндай мектеп-тер «Қызыл үй» деп аталған екен.


Дәл осындай үлгімен XX ғасырдың ба-сына дейін Атырау өңірінде 11 «Қызыл үй» мектебі ашылды. Атап айтқанда, оның үшеуі – Қызылқоғанда, бір-бірден – Махамбет ауданының Сарайшық және Есбол ауыл-дарында, Құрманғазы ауданының орталы-ғында, басқа да аумақтарда бой көтерген. Ондағы оқытушылардың кейбірінің есімдері де белгілі. Бұл жөнінде жан-жақты зерте-ген профессор Шахман Нағымовтың бір-неше мақаласы мен кітабы жарық көрді. Сол мектептердегі мұғалімдердің көпшілігі 1877 жылы Гурьев қаласынан ашылған оқы-тушылар дайындайтын екі кластық орыс-қазақ мектебінің түлектері екен. Мұны ака-демик Төлеген Тәжібаев өзінің еңбектерінде келтірген. Өйткені, төрт жыл оқытатын бұл оқу орнында білім беру жақсы жолға қойылған көрінеді. Небір тарлан мұғалім-дер оқып шыққан осы мектепті бір кезде атақты Х.Досмұхамедовтың немере ағасы – Дәулетмұрат Машақұлы басқарыпты. Оралда білім алып, атаққа шыққан зерделі азаматқа Мұрат ақын Мөңкеұлының «Оқу-дан қайтқан азаматқа» деп өлең арнағанын біз классикалық әдебиет арқылы білеміз.

Муджадидийа тариқатынан шыққан ағартушы-ұстаздар саясатқа араласуды да парыз санаған, мәдениет және мәдени көр-кейтуді борыш деп білген. Тек қирағаттап құран жаттатып, сүрелетіп иманшарт-ты оқыту емес, баланың санасын, зейінін ашу, талабын ұштау, қиялына қанат бітіру тәрізді Орта Азияда оқу жүйесіндегі ерекше тәсілдерді қолданады. Мұндай ағартушы-ғұламалардың ішінен қазақ даласының батыс өңірінен шыққан бірнешеуінің ғана есімін атаған абзал. Мәселен, Орал өңірі-нен Қуанай хазірет Қосдәулетов, Ақтөбе жағында аты жайылған хазірет Сағидолла Ізтілеуов, Маулімберді ишан, Атыраудың Тұсайоған құмынан шыққан Хасан хазірет Нұрмұхамбетовтер өз заманының көрнекті ғалым-қайраткерлері еді. Бұлардың бәрі де Бұқардағы Мир-Араб, Хиуа медреселерінен тәлім алған. Одан әрі оқуларын жалғасты-рып, Таяу Шығыс пен құбыла елдеріндегі ірі діни оқу орындарын тәмамдайды. Мысалы, Қуанай хазіреттің баласы Ғалым Қосдәуле-тов Бағдат университетін бітірсе, Сағидолла Ізтілеуов – Медина университетінің түлегі.

Осындай Азия құрлығындағы жоғары дәрежелі оқу орындарын бітірген оқымыс-тылар барда, қазақты сауатсыз деп айтуға қалайша ауыз барады?! Тіпті, Қазан төң-керісінен бұрын ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің 21 жасында-ақ, өзі жазған «Үңлік-Кебек» трагедиясын киіз үйден сахна құрып, халыққа көрсетуі – мәдениет пен өнерге деген ұлы талам. Оның тәрбиелік, ағарту-шылық мәні жоқ деп кім айтады?!

МАҚАЛАНЫҢ
ТОЛЫҚ
НҰСҚАСЫН
ГАЗЕТТІҢ
САЙТЫНАН
ОҚЫНЫЗ





КОЛЛАЖ: АЙНУР ҚАЙРАТБЕКҚЫЗЫ

ТӨТЕ ЖАЗУ — ҚҰРАННЫҢ ІЗІ

Тілеуберді САХАБА

Қазақ елінде ислам дінінің өркендеуіне үлес қосқан, сол мақсатта мерзімді баспасөзде тұрақты түрде мақала жазып тұрған азаматтар Алаш қозғалысы қайраткерлерінің арасынан да көптеп табылды. Солардың бірі — Ахмет Байтұрсынұлы. Өз ауыл молдасынан хат танып, діни сауатын ашқан ол кейін қазақтың хақ діннен ажырап қалмауы жолында да талайғай еңбек етті.

Ауыл молдасынан білім алып, Алланың ақ жолын танығандардың ішінде Алаш қозғалысының белсенді мүшелері Ғұмар Қараш, дін тақырыбында өнімді қалам тербеген Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Шаһмардан Әлжанұлы, Жиһанша Сейдалин, аймақтық діни ахуал туралы тұрақты жазып отырған журналист Мұхамедсәлім Кәшімов, Досан Аманшин бар. Сонымен қатар, «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген ұстанымды ұран етіп, заманмен үндеспейтін шариғат заңдары туралы батыл сөз қозғаған қараөткелдік Мақыш Қалтайұлы мен Сабыржан Алқормашының еңбегін жоғары бағалауға болады.

Ұлт зиялылары — Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Е.Ғұмаров және т.б. дайындаған он баптан тұратын «Алаш» партиясы бағдарламасында қазақ халқына дербестік әперуді көздеген ұлттық бағыттағы маңызды мәселелермен қатар, дін ісі жөніндегі ойлары да бар. Нақты көрсетсек, бағдарламадағы 4-бапта дінге қатысты мәселе қарастырылады. Бап «Дін ісі» деп аталып, онда «Дін ісі мемлекет ісінен алшақ болуы», «Дін біткенге тең құқық. Дін ұстауға ерік, кіру, шығу жағына бостандық...», «Мұфтилік қазақта өз алдына болуы...»,

«Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болуы», «Жесір дауы сотта қаралуы» туралы тақырыптар көтерілді.

Ахмет Байтұрсынұлының әр мақаласы, әр кітабы Құранның «Бисмиллахирахманирахим» деген сөздерімен басталғанын әдебиетші ғалым Айгүл Ісімақова да қуаттайды. Жазушы Сейіт Кенжеахмет: «1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда ІІ жалпықазақ съезі өтті. Онда Алашорда үкіметінің құрамы бекітілді. Ахмет Байтұрсынұлы Алашорда үкіметінің оқу комиссары болып тағайындалды. Қасында Мағжан Жұмабаев, Елдес Омаров, Биәхмет Сәрсенов, Телжан Шонановтар болды. Ахаң сол тұста халықтың сауатын ашу ісіне ел арасындағы молдаларды пайдаланған. Өйткені, ол кісі сауат ашуға тек «қаріп тану» деп қарамаған. Оны тәрбиенің өзегіне балаған. Адамгершілік, жанашырлық, мейірім, шапағат секілді қасиеттерді бойына сіңірмеген адамның алған білімі зиянды деп түсінген. Торғай жерінде діни ілім үйрететін мешіт-медреселер көп болған. Ахаң осы дайын тұрған ілім ошақтарын халықтың игілігіне пайдалануды дұрыс көрген. Сол себепті тұңғыш әліпби жасағанда халқымыз сан ғасырдан бері пайдаланып келе жатқан араб графикасы негізінде жасады. Былайша айтқанда, Ахаң жарықтық тілді дінге байлап берді. Бұл — дін құрымай, тіл жоғалмайды деген сөз», — деген пікірді айтады.


Бүгінгі күнімізге дейін шетелдегі, әсіресе Қытай, Ауғанстан, Иран, Түркиядағы қандастарымыз Ахмет Байтұрсынұлы құрастырған төте жазуды қолдана алады. Өзі құрастырған жазу жүйесін сынға алғандардан барынша қорғаштаған А.Байтұрсынұлы Кеңес үкіметінің «араб жазуынан айыру арқылы тұтас бір халыққа өткенін ұмыттырып, ұлттық игіліктерді саналарынан

Осыдан 36 жыл бұрын, 1989 жылғы 22 қыркүйекте «Тілдер туралы» заң қабылданды. Ал мереке 1998 жылдан бастап тойланады. Сол жылдың 22 қыркүйегі Қазақстан халқы тілдері күні болып жарияланды. Алайда 19 жылдан соң атаулы датаның күні өзгерді. 2017 жылдың күзінде Үкімет қаулысымен Тілдер күні 5 қыркүйекке ауыстырылды. Өйткені, 5 қыркүйек — қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Сол себептен 2018 жылдан бастап атаулы датаның күні өзгеріп, 5 қыркүйекте мерекелене бастады. Осы орайда төменде «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы — тіл» деген Ұлт ұстазы туралы мақаланы жариялап отырмыз.

өшіру» әрекетін жасап отырғанын жақсы түсінді. Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақты діннен айыруға болмаса, жазуынан да айыруға болмайтын жұмыс. Дінмен байланысқан жазу дін жоғалмай, жоғалмайды». Төте жазу — исламның, құранның ізі.

Кезінде Кеңес өкіметі қазақ халқын екі-ақ пайыз сауатты деп, яғни кириллица-ны таныған халықты ғана есепке алып, ал араб әріпін танып, оқитын қауымды есепке алмауында да «бұратана» халықтарға жасаған шовинистік саясаттың бір әрекеті болатын. Ал негізінде атам қазақ ислам дінін қабылдағаннан бастап осы араб әріпімен хат танып, сауат ашқаны баршаға аян. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің ең бірегейі ескі қадим жазуды жаңа төте жазуға өзгертіп, жеңілдетуі болып табылады. Бұл әліпби қазақ тілінің барлық тілдік заңдылықтарын сақтап, оқуға, жазуға ең ыңғайлы болды. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін он жылдан артық қолданыста болып, «Қазақ», «Еңбекші қазақ», т.б. газеттер осы әліпбимен шығып тарады. Бұл әліпбимен «Шалқар» газеті сонау кеңес заманынан бері елімізде шығып, шетелдегі қазақтарға тарап тұрады.

Ғұлама бабамыз: «Қазақта әйел адам ұршықты оңнан солға қарай иіреді. Сондықтан, жазу үшін қолымызға оңнан солға қарай жазуға ыңғайлы болады», — деп айтқан екен. Расында, қазақ халқын он шақты жылдың ішінде екі әліпбиге: латын, кириллицаға ауыстыру саясатының кесірінен, бұрынғы бабалардың еңбектерінен жырақ қалдық. Ал білім іздеуші талапкер бұл төте жазуды меңгерсе, ескі қадим жазуын, османи жазуын, шағатай жазуын игеру де оңай болады. Керек десеңіз, Құран әліппесінен бұрын осы жазуды меңгерсе, Құранға келу одан да жеңіл де ұғынықты болады деп санайды тіл ғылымының ғалымдары.



ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ АЛЬЯНСЫ:

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ИННОВАЦИЯЛАРЫ

2025 жылғы 2 қыркүйекте Бейжіңде өткен Қазақстан-Қытай бизнес-форумы аясында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қытай Халық Республикасының Төрағасының қатысуымен, кеңістіктік-уақыттық жасанды интеллект саласындағы Қазақстан-Қытай ғылыми-технологиялық инновациялар альянсын құру және «Бір белдеу – бір жол» Бірлескен зертханасын қалыптастыру туралы келісімге қол қойылды.

Салтанатты рәсім екі ел басшыларының қатысуымен өтті және ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаевтың ҚХР-ға ресми сапарының басты оқиғаларының бірі болды.

Халықаралық әріптестік. Альянстың құрылтайшылары: ҚР Президентінің жанындағы ҚР Ұлттық ғылым академиясы, Чжэцзян технологиялық университеті (ҚХР), Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті және Zhejiang Zhonghe Technology Co. Ltd. (ҚХР).

Альянс ғылым, білім мен өнеркәсіптің өзара ықпалдастығын жеделдету, трансшекаралық технологиялар трансферін дамыту және Қазақстан мен өңірде жасанды интеллект индустриясын жаңғыртуға арналған ашық платформа ретінде құрылып отыр.

Негізгі бағыттар:

- Кеңістіктік-уақыттық интеллект және тұрақты даму жөніндегі бірлескен зертхананы дамыту;

- Қазақстандағы алғашқы ірі жасанды интеллект тілдік моделін DeepBas әзірлеу;

- ТЖ, экология, энергетика және тұрақты даму салаларына арналған ЖИ сервистік платформасын құру;

- Спутниктік технологияларды, ұшқышсыз жүйелерді, сенсорлар мен «Бәйдоу» навигациясын интеграциялау;

- Бірлескен білім беру бағдарламалары арқылы кадрлар даярлау, оқытушылармен алмасу, жаңа оқулықтар мен оқу ресурстарын шығару.

Күтілетін нәтижелер. Алдағы бес жылда Қазақстан мен Қытайда бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша кемінде 100 студентті дайындау, сондай-ақ жыл сайын 200-ден астам маманды кәсіби оқыту жоспарланған. Маңызды нәтижелердің бірі — DeepBas моделін енгізу, экологиялық мониторинг жүйелерін, smart ауыл шаруашылығын, көлік және энергетикалық қауіпсіздік шешімдерін дамыту болмақ.

Стратегиялық маңызы. Альянс ҚР Президентінің ҚХР-ға ресми сапары барысында жоғары деңгейде қол қойылған негізгі құжаттар пакеті құрамына еніп және Орталық Азиядағы ғылыми-технологиялық ынтымақтастықты нығайтудағы маңызды қадам ретінде қарастырылады.

Жоба стратегиялық маңызға ие: Қазақстан үшін — ауыл шаруашылығы, көлік және энергетика салаларына озық технологияларды енгізу құралы ретінде; Қытай үшін — аймақтағы ғылыми-білім беру және технологиялық ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндігі ретінде.

Ұзақ мерзімді перспективада «Бір белдеу — бір жол» бастамасы аясындағы ынтымақтастық білім мен технологиялардың тиімді трансферін қамтамасыз етіп, өңірдің ғылыми-білім беру әлеуетін нығайтады және жаңа буын зерттеушілер мен мамандарды даярлауға жол ашады.

Жаңа оқу жылында 4,1 миллион оқушы мектепке барды. Олардың ішінде 341 мың бала партаға алғаш рет отырды. Студенттердің стипендиясы екі есе өсті. Әскерге шақырудың жаңа ережелері енгізіледі. Кредитті ерте жапқандар айыппұл төлемейді. Ғасыр тарихы бар «Qazaq» газеті күздің алғашқы айында болатын негізгі өзгерістерді ұсынады.

МАҚАЛАНЫҢ ТОЛЫҚ НУСҚАСЫН ГАЗЕТТІҢ САЙТЫНАН ОҚЫҢЫЗ



ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАП ЕЛІМІЗДЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛАДЫ?

СТИПЕНДИЯ ЕКІ ЕСЕ ӨСЕДІ

Биыл студенттердің шәкіртақысы тағы көтеріледі. Магистранттар мен докторанттар да стипендияны көбірек алады:

- бакалавриат — 52 372 теңге;
- педагогикалық мамандықтар — 84 000 теңге;
- магистратура — 117 098 теңге;
- докторантура — 262 500 теңге.

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУДЫҢ ЖАҢА ЕРЕЖЕЛЕРІ ЕНГІЗІЛЕДІ

Қыркүйектен бастап әскерге шақыру жаңа тәртіппен жүргізіледі. SMS-хабарламалар дәстүрлі шақыру қағаздарына теңестіріледі. Шақырылғандар белгіленген күнге дейін 3 күн бұрын SMS-хабарлама алады. Онда шақырылушы көрсетілген мекенжай бойынша әскери комиссариатқа медициналық тексеруден өту үшін келуі керек екені жазылады. Медициналық тексеруден кейін шақыру комиссиясы шешім қабылдайды. Сондай-ақ SMS-хабарлама eGov порталының пайдаланушы кабинеті арқылы да жіберілуі мүмкін. Биыл күзгі әскерге шақыру 1 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін өтеді.

КРЕДИТТІ ЕРТЕ ЖАПҚАНДАР АЙЫППҰЛ ТӨЛЕМЕЙДІ

Осы айдан бастап жеке тұлғалар кредитті кез келген уақытта айыпақы төлемей мерзімінен бұрын өтей алады. Бұл норма барлық шартқа, оның ішінде бұрын жасалған шарттарға да қолданылады. Алайда өзгерістер күшіне енгенге дейін төленген айыппұл мен айыпақы қайтарылмайды. Бұдан былай кредитті ерте жапқаны үшін айыппұлды тек заңды тұлғалар төлейді.

5-ҚЫРКҮЙЕК — ҰЛТТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТУҒАН КҮНІ



БЕСІНШІ ҚЫРКҮЙЕК КҮНІ ҚАЗАҚСТАНДА ТІЛДЕР МЕРЕКЕСІ ТОЙЛАНАДЫ. БҰЛ АЙТУЛЫ ДАТА — ҰЛТТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТУҒАН КҮНІНЕ ОРАЙЛАСТЫРЫЛҒАН.

нылып, жаңа форматтағы екі кітаптың тұсауы кесілді.

Ахмет Байтұрсынұлы — қазақ жазуының реформаторы, алғашқы әліпбидің авторы, қазақ тілін ғылымға айналдырған тұлға. Ол тіл үйрету саласында «Оқу құралы», «Тіл — құрал» еңбектерімен ғана шектелмей, қолданбалы грамматиканы да жасап шыққан. 1928 жылы жарық көрген «Тіл жұмсар» атты екі бөлімді еңбегі — қазақ тіл біліміндегі іргелі зерттеулердің бірі. Ол сонымен қатар «Қазақ» газетінің ұйымдастырушысы ретінде де қазақ баспасөзінің негізін қалаушылардың бірі саналады.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы үшін қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, әдебиеттанушы, ағартушы ретінде ұлттық ғылымның дамуына өлшеусіз үлес қосқан Ахмет Байтұрсынұлының орны

ерекше. Оның еңбектері тіл ғылымы ғана емес, бүкіл қазақ руханияты үшін баға жетпес қазына болып қала береді.

Абай университеті Ахаңнан қалған ұлы жол — қазақ тілінің мәртебесін арттыру бағытында да іргелі жұмыстарды жүзеге асырып отыр. Қазірде университеттің Басқарма Төрағасы-Ректор Болат Тілеп Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Алматы қалалық филиалының төрағасы, университет аппарат жетекшісі Жанатбек Ішпекбаев төраға орынбасары қызметтерін атқарып келеді.

Ұлт ұстазының туған күні — тек мереке емес, ұлттық рухтың жаңғыруы, ұрпаққа ізгі мұраның жеткізілу күні. Қазіргі таңда университетімізде Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін зерттеп жүрген жас ғалымдар мен оларға жол көрсетіп жүрген тәжірибелі зерттеуші ұстаздардың көп екені қуантады.



Сәбит БАЙЗАКОВ,
ҰҒА академигі

Міржақып Дулатұлы қазақтың ел шетіне жау шапқанда ғана қолданатын «Аттан, Аттан» жан айқайын жалпұылттық «Оян, қазақ!» ұранына айналдырып, халқымыздың самарқау тіршілігіне жаңа екпін беріп, тың төңкеріс жасаған тұлға.

Бұл кісі бұрынғы Торғай облысының Торғай уезіне жататын Сарықопа болысын- да туып-өскен. Қазір ол мекен Қызбел деп аталатын біздің ауыл. Онда кеңес заманында мал бордақылап, клейковинасы 42%-ға жететін астық өсірген Қызбел, Бидайық, Алтынсарин кеңшарларының ешқайда көшпей не көше алмай қалған мүшелері тұрады.

Осы Торғай өңірінің соңғы жүзжылдыққа көрмегені жоқ. Қазан төңкерісіне дейін мал бағып, аң аулап күн көрген қалың ел, одан кейінгі 15 жыл ішінде жұтқа, қолдан жасалған аштыққа жолығып, бет-бетіне бытырап, далада өліп, азайды. Олардан аман өткендері елге қайта оралғанда серіктестіктер мен қауымдастықтарға тартылып, ауыр еңбекке жұмылдырылды. Араларынан «халық жаулары» табылып, Сібірге айдалды, атылды. Армия қатарына шақырылып, соғыста шейіт болды. Одан кейінгі ауыр тұрмыста ауруға шалдығып, қатарлары тағы сиреді.

Тек колхоздар жаппай кеңшарларға айналдырылғаннан бастап қана, бұл өңір етек-жеңін жиып, даму жолына түсті. Оған көтерме жол жеткізілді, саманнан шатырлы үйлер, онжылдық мектептер тұрғызылды. Әр совхоздың орталығына самолет қонып, телеграф пен пошта іркіліссіз жұмыс істеп тұрды. Бірақ, нарыққа көшу кезінде біздің Жангелдин ауданының бұрынғы жағдайы адам айтқысыз өзгеріске түсіп, жергілікті тұрғындар жеңкіле қоныс аударды. Оны үш өңірмен бірге Торғай облысының жабылуы да күшейтіп жіберді.

Қазір бұл ауданды «құрлықтағы арал» деуге болады. Ол облыс орталығынан 550, ал оның елді мекендері 650-700 шақырымдай қашықтықта жатыр. Торғайдың өзіне дейін асфальт осыдан сегіз-ақ жыл бұрын төселді. Ал, ауданның басқа бір де бір елді мекеніне ондай жол әлі жүргізілген жоқ.

Туған жеріміздің шалғайлығы мен жолсыздығынан туындайтын талай әлеуметтік-экономикалық, күнделікті тұрмыстық қиындықтарға қарамай, елде қалып, өз қызметтерін абыроймен атқарып жүрген жерлестерімізге ризашылығымыз бен мақтаныш сезіміміз өте мол.

Дей тұрғанмен, біздің өңірдің осы бағыттағы қазіргі жағдайын республиканың басқа аудандарының деңгейімен салыстыра келе жасайтын қорытындың ішінді ашытатыны шындық.

Осындайда ұлан-асыр жеріміздің мол мүмкіндіктері мен жұртымыздың бай тәжірибесін қайта жаңғыртуға әлі кеш емес екеніне де сенесің.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бұдан үш жыл бұрын үш облысты бірден қайта ашып, жұртымыздың ойынан шықты. Енді сондай шешімді Торғай елі де күтіп отыр. Ол үмітті бұл өңірге байланысты басталған Арқалық аэропортын қалпына келтіру мен Астана – Батыс Қазақстан тура тас жолы үлкейеті түсті.

Шындығында, Қазақстанның қақ ортасындағы Торғай өңірі неге сонша шетқақпай бола береді? Қазір жағдайымыз жақсарған жоқ па? Оның сыртында бұл өңірдің берері мол. Кезінде төрт түлік мал өсірді, клейковинасы 42%-ға жеткен бидай екті. Бұл мүмкіндіктерді ешкім ешқайда алып кеткен жоқ. Ұшы-қиыры жоқ жерлеріміз бен өзен-көлдеріміз тың игеру кезінде тым көп шашылған тыңайықштардан аман қалды.

Бұл біздің өңіріміздің қуаңшылығынан көрген пайдамыз және мұндай экологиялық тазалық қазір өте сирек. Сондықтан күнделікті ішіп-жеп отырған азық-түлігіміз жоғары дәрежелі, соңғы уақытта «органикалық» деп аталып жүрген таза деңгейінде. Қазірдің өзінде Астана халқы Торғайдың қымызын, майы мен қаймағын, еті мен балығын ерекше бағалайды.

Мұндай өнімдер Еуропада екі-үш есе қымбат, халық оларды іздеп жүріп алады. Тек оны көлемді түрде өндіріп, айғақтай білсең болды.

Оған қоса Торғай халқы ертеден мал бағуға байланысты өзінің жазда киіз үйін тігіп, жайлауға көшіп, қысқа қарай көңге (қыстаққа) кіретін ата дәстүрін ұмыта қойған жоқ. Оны әр кез мерейлі даталарға тігілген



«Қазақ» газетінің 2017 жылдан бергі экспедиторы Самат Көлбаев 37 жасқа қараған шағында өмірден өтті. «Өмірден өтті» деп айту ауызекі жеңіл, ал жүрек түкпірінен осы сөзді шығару, сол жүрекке қаншалықты қайғы салатынын сөзбен өру мүмкін емес. Бұл бәріміз үшін орны толмас қаза. Мұндай сенімді әріптесімізден айырылу қиын. Тағдырдың жазғаны

Тобыл–Торғай алабы киелі, ұлттық дәстүрді сақтай білген әрі алыптар өсірген өңір. Соңғы екі ғасырда қалың қазақ елінің мақтанышына айналған сегіз арысымыздың ішіндегі Абай мен Әлиханнан басқа Шоқан мен Ыбырай, Ахмет пен Міржақып, Әліби мен Амангелді алтауы осы алабтың тумалары екені дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Сәл тереңірекке үңіліп, Ырғызбай мен Торғай аталарын айтсақ, ұлы Абайдың да тамыры осы жақтан шыға келеді. Солардың арасынан 140 жылдығына арналған біршама шараларға арқау болып отырған кісі – Міржақып Дулатұлы. Торғай елі Ахаңның 150 жылдығы ойдағыдай өтпеген соң, бұл күнді көптен күтті. Оған дайындық Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов бекіткен «140 жылдыққа – 140 шара» арнайы бағдарламасы бойынша жүйелі түрде жүргізілді.

Алаш Тарихына қомақты үлес қосқан Торғайды түлету — мезгілі жеткен мәселе

үйлер мен өтіп жататын неше түрлі қазақи ойындар да жиі есімізге түсіреді.

Соңғы кезде бұл көріністерді этноауыл деп жүрміз. Жақында Абайдың 180 жылдығына сонша сан үй тігіліпті. Бірақ олардың бәрі де бір-ақ күндік. Той өткен соң бәрін жинап тастап, жым-жырт қыламыз, із қалдырмаймыз.

Сондай этноауылдарды «жалт етті де жоқ болды, көрген түстей, сағымдай» қылмай, неге жаңа деңгейде күнделікті өмірге қайтармасақ?! Қазір энергия алатын шағын ебелектер, күн батареялары, су шығаратын қондырғылар, қажет жағдайда тез байланысқа шығатын құралдар да баршылық. Киіз үйдің жаңа түрін жасайтын шеберлер де жоқ емес.

Оларды бір жерге ондап, жүздеп шоғырландыру міндетті де емес. Шаруа мен кәсіптің ыңғайына қарай бір-екі немесе үш-төрт үйлер бірге тігілсе де жетіп жатыр. Және олар бірнеше елді мекенде көрініс тауып, күнделікті өмір салтына бейімделіп жатса ғана тұрақты этноауыл сипатын алып, ішкі және сыртқы туризмге қызықты объект қана болмай, өндіріс пен дәстүрлі салтымызды жаңғыртар деңгейге жетер еді.


Шынына келгенде, бұл істі Республика үкіметі қолға алуға тұрарлық шара деуге болады. Оны тәжірибе ретінде алдымен Жангелдин және Амангелді аудандарының тұрғындарының келісімін ала отырып жүргізе, тіпті керемет болар еді.

Ол үшін осы екі ауданның негізінде дербес «Торғай аймағын» құрып, оны алғашқы этноөңірге айналдырса, ал ондағы кәсіпкерлер мен тұрғындар қай шаруаны да дәстүрлі қазақи қалыпта, бірақ міндетті түрде қазіргі ғылыми-техникалық жетістіктер арқылы жүргізіп, негізгі өнімдерді нарыққа органикалық сапамен шығаруды басты мақсаты етсе, іс алға басар еді.

Бұл шараға сөзсіз жоғарыда айтылған Астана – Батыс Қазақстан тас жолының салынуы да жағымды әсер етер еді.

Егер бұл этноөңірдің алдына қойылған мақсаттары орындалатынына кезіміз еркін жетіп жатса, ол секілді өңірлерді Ырғыз – Шалқар, Шет – Жаңаарқа, тағы басқа далалы, шөлейтті аудандардың негізінде көбейте түсіп, оларды қазақи дәстүр мен мал өсіру ісіне сәйкестірілген республикалық үлкен этнопояс дәрежесіне дейін көтеруге болар еді.*

Оған әртүрлі қомақты стимулдар қарастырып, қалада босып жүрген ауылдықтарды қайтарып, даланы қайта түлетер едік. Сонда бұл жоба қазақ жерінде тәуелсіздік заманында ата-бабаның тума дәстүрін жаңаша жаңғырта отырып, далалы аумақта мал шаруашылығын дамытуды тың жерлерді игеру кезіндегі шаралардың деңгейіне дейін көтеруге бағытталған ерек-



■ Торғай ауылындағы А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлының әдеби музейі ғимаратының алдында орналасқан ескерткіш.

ше бағдарлама болып шығар еді.

Басқаша айтқанда, бұл біздің елде мал өсіруді өз жерлеріміздің табиғатының ерекшеліктеріне сәйкестей отырып, кезіндегі тың игеру секілді биікке жеткізу, қара малды Бразилияша, қойды Австралияша көбейте түсу деген сөз.

Осы ауылдар бойынша тағы бір айтар мәселе – ауылдық жерлерде (сельские территории) 1993 жылға дейін республикалық 10 министрлік пен ведомстволар жұмыс істеп тұрған болатын. Олар: Ауыл шаруашылығы, Астық өнімдері, Жеміс-жидек, Балық, Орман, Су, Ауылдық құрылыс министрліктері мен Ауыл шаруашылығын техникамен жабдықтау, Ауылдарда шикізат жинау мекемелері және Тұтынушылар кооперациясы. Ал бізде солардың соңғы отыз үш жыл бойы біреуі – Ауыл шаруашылығы министрлігі ғана жұмыс істеді. Қалғандары жабылып, кейбірі түк праволары жоқ комитеттер, басқармалар мен департаменттерге айналдырылды. Жеке салалардың өзгешеліктері мен мамандар кәсібилігі ескерілмей, жайына қалды.

Мен ол кездерде Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясында бас ғалым хатшы болдым. Жағдайды жақсы білемін.

Қазір Агроөнеркәсіп кешенінде бұдан екі жаш бұрын құрылған Су ресурстары және ирригация министрлігін қосқанда екі-ақ ведомство тіке жұмыс істейді. Бұл ұлан-асыр ауылдық жерлерімізге өте аз. Осы екеуін, біздің ойымызша, әлде де қосымша кем дегенде Ауыл инфрақұрылымы, Балық шаруашылығы, Орман ресурстары мен көгалдандыру деген министрліктер құрып, осы үшеуімен күшейту қажет секілді. Сонда ғана Сарыарқаны, бүкіл далалы жерлерімізді қайта түлете алатын боламыз.

Бұл ойлар мен ұсыныстар басталып кеткен Астана – Батыс Қазақстан күре жолының маңызын да арттыра түсер еді. Соның арқасында Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтардың да туған жерлері деңгейлі даму дәрежесіне қол жеткізер еді.

Бұларсыз далалық аймағымыздағы елді мекендеріміз тағы талай жыл климаттық жағынан да, экономикалық жағынан да ешқандай тартымы жоқ, көріксіз, күнделікті тұрмыстық қызметтері қорасындағы басмалармен көз сүріндіретін болады. Онымен қоса, жасыл экономикаға байланысты қабылданған межелерімізге жету де, энциклопедияда көрсетілген мыңдаған өзендеріміз (85 мың) бен көлдерімізді (48 мың) елімізді дамыта түсу ісіне жұмылдырып, балық ресурсын көбейту де, оны ел ырысына айналдыру да қиындай түседі.

Бұлай істемесек Қазақстанды Сингапур секілді қалалық мемлекетке айналдырғысы келгендердің «қиялдары» орындалып, ауылдық аумақтарымыз алдымыздағы 15-20 жыл ішінде иесіз далаға айналып, көршілері-

міздің көз алартуын көбейте берер еді.

Осы жерде айтпауға болмайтын тағы бір ой бар. Ол – біздің адами парызымызға жеңіл-желпі қарай салуымыз туралы. Бұл бағытта бәріміз бір жағымсыз әдетке үйреніп алдық. Мысалы, қай деңгейде де, бір күнделікті болмашы мәселеге көпіріп, бір сағат сөйлейміз. Ал жақсыларымыз бен жайсаңдарымызға келгенде тәркеңіл бола қалып, уақыт есептей бастаймыз. Сөйтіп, арыстарымызды атай бастасак, үшеуден асырмаймыз. Біреу-екеу аз, төрттен әрі тым көп деп, әрідегілерді Шоқан, Ыбырай, Абаймен шектеп, одан бергі Әлихан, Ахмет, Міржақыпқа ғана тоқталып, кейінгі Мұхтар, Ғабит, Сәбит үшеуімен аяқтаймыз. Олардан басқалар туралы ауыз ашуымыз сирек. Ал Шәкәрім мен Мәшһүр Жүсіп, Смағұл Сәдуақасов пен Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев пен Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов, екі Досмағамбетовтер, Ақпай Жақыпов, Әлімхан Ермековтер, олар секілді ондаған жылдық тозақтан өткен, азаптан өлген жүздеген кісілердің қандай кінәлары бар.

Бұл бағытта Президентіміздің тапсырмасымен біраз жұмыс істелді. Бірақ, ол жер-жерлерге әлі жете қойған жоқ.

Мысалға өзім білетін біздің Қызбел ауылын алайықшы. Оны тұтас алаш ауылы десе де болады. Міржақыптан басқа онда туып-өскен, онымен тағдырлас және сол жылдарда жазаланған өзім білетін 15 адамды анық атай аламын. Олар: Асқар Дулатов, Бәйке Жұмабаев, Сейдәзім Қадырбаев, Әлмағамбет Қасымов, Әскербек Кәдірбаев, Мырзағазы мен Мырзахмет Есболовтар, Мағзұм Асанбаев, Теміржан Есмағамбетов, Дузен Тұйғынбеков, ағайынды Қыпшақбаевтар, Дархан Кеншімбаев, тіпті сол кезде 14-15 жаста ғана болған Хайдар Асқарұлы Дулатов пен Боранбай Нұржанұлы. Бұл ауылдан кейін әртүрлі кінәлар тағылып, тағы «халық жауы» атанып Смағұл Арыстанбеков, Молдағали Бәймбетов, Қабиағамыздың әкесі Іңірбай, Жүніс Рахметов, Рақан Қаржауов 5 адам ұсталды. Бәрі 6 жылдан 25 жылға дейін каторғаға айдалып, көбі атылды. Олардың төртеуі Міржақыптың, оны менің туыстарым, қалғандары қатар өскен ауылдастар еді. Түгел сол кезде Ыбырай, не ауыл мектептерін бітірген, кейбірі Орынборда, Санкт-Петербуркте, Қазанда, Орск мен Троицкіде білім алған кісілер болатын.

Бірақ, ешқайсысы осы күнге дейін аятылмай, аталмай, кейінгі ұрпаққа бейтаныс бейбақтар кейпінде қалып келеді. Не тірісінде, не өлісінде бір тұшымды сөз арналмаған байғұстардың күні қашан туар?! Көбінің артында арнап дұға оқыр ұрпақтары да қалмаған. Қазіргі Қызбел жастары осы өз ауылдарынан ұсталған жоғарыда аталған 21 адамның Міржақыптан басқасын біле

бермейтініне күмәнданбаймын.

Мұның бірден бір себебі – айту аз, жазу – кем, теледидардан көрсету – жоқтың қасы. Жас тарихшылар бұл бағытта талап-танып жатыр. Солардың арқасында тек соңғы 3-4 жылдарда ғана Сейдәзім Кәдірбаев пен Мырзағазы Есболов туралы мәліметтер ғылыми айналымға шыға бастады. Мысалы, Сейдәзім Міржақыппен құрдас, бірге оқыған, мақсаттас кісі болыпты. Қазақшаға аударған Әділет министрлігінің коллегия мүшесі, оның заң және қадағалау бөлімінің басшысы қызметін атқарыпты. Қазақшаға аударған заңдарының екі кітаптық шығармалар жинағы жарыққа шықты. Отызыншы жылдары Воронежге 6 жылға жер аударылып, 1938 жылы атылған.

Мырзағазы Есболов – Петербургты Герцен атындағы университетін бітірген интеллектуал екен. Оның ізімен 1950 жылға дейін 7 жақыны осы университетті бітіріпті, ал 19 туысы Мырзағазының «халық жауынан» зардап шегіп, айдауда болған, кейбірі атылып кеткен.

Ауылымыздың үлкендерінің айтуына қарағанда, Қызбелде туып-өскен ірі қайраткердің бірі – Әлмағанбет Қасымов. Ол тәуелсіз Қазақстанның екінші Қорғаныс министрі болған Әлібек Қасимовтың атасы, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Асқар Закаринді МГУ-да оқытып, қатарға қосқан кісі. Өзі Қызылордада Оқытушылар институтында, Әулиеатада техникумда, Алматыда қазақ мектебінде сабақ берген, оқулықтар жазып, Ленин шығармаларын аударған. Ал Мағзұм Асанбаев ірі мемлекет және қоғам қайраткері Ерік Мағзұмұлы Асанбаевтың туған әкесі. Елге беделді, сауатты кісі болған.

Осы қызбелдіктердің қатарына алыстағы Орынборда тұса да мен ауылы апамыз Гүлнәр Міржақыпқызы Дулатованы да қосар едім. Өзім апаймен 10-11 жылдай аралас, дәмдес болдым. Бұл кісі алашылар қауымы мен қазіргі ұрпақ арасындағы алтын көпір, асыл арқау. Алаш көсемдерінің алақандарының жылуын біздің бұынға жеткізе білген, әкесіне тартып туған, оның «Оян қазағын» «Ойлан қазаққа» жалғап, артына екі томдық сөз қалдырған, алаштану ілімінің басында тұрған адам. Өзінің ұзақ өмірінде қанша зәбір көрсе де еш түңілмеген, не қоғамға, не бір жеке адамға лағнет түгіл, жай өкпе айтпай өткен, мінезге мейлінше бай кісі еді. Осы өтіп жатқан шараларға бұл апамыздың да рухы риза болсын!

Менің ойымша, алашыларды ел есіне қайтару бағытындағы бұл үнсідік – кісілікке жат мінез. Оны дұрыстауды, репрессия зардабын анықтауды ауыл мен ауданның, әр мектеп пен мәдени-ғылыми ошақтардың міндеті деп есептеу керек. Алдымен архивтерді ақтарып, ауылдар мен аудандарда көнекөз қариялардан халық жауы ретінде ұсталған, сотталған кісілер туралы мәліметтерді жинап, оның анық-қанығына жеткен дұрыс. Одан соң барлық облыстар бойынша Отан соғысының «Азалы кітабы» тектес кітаптар шығару да қажет болар.

Осыған байланысты тағы бір айта кетер мәселе – жақсыларымыз бен жайсаңдарымыздың өмірден өткендері мен әлі ортамызда жүргендерінің қайсысына қандай құрмет жасалып жатқанын көпшілік көріп отыр. Оларды салыстырмай-ақ қойғың келеді. Бірақ әділдікті ойлап, дал боласың.

Әлихан, Ахмет пен Міржақыптың, оларға ерген үлкен алаш тобының отанымызға сіңірген жанқилы еңбегі, қаны мен шері деңгейлі бағаланды дей аламыз ба?! Ұлы Абайды үш-ақ сөзбен «Қазақтың бас ақыны» атаған Ахмет Байтұрсынұлы, оның тұңғыш кітабының шығуына мұрындық болған Әлихан Бөкейхан емес пе еді?!

Бұл қайраткерлеріміздің кезінде ойлар-ы іске асып, мақсаттарына жеткен болса, тұстастары түрік көсемі Мұстафа Кемал Ататүрік, кейінгі чех Вацлав Гавел мен поляк Лех Валенса секілді өз істерінің жемісін көріп, қаншама құрмет пен қуанышқа бөленбес пе еді?!

Сол Әлихан мен Міржақыптың аттарында қазір не бар? Олардың рухын қалай қастерледік? Кейінгі ұрпаққа олар өнеге боларлық қандай ұлттық, патриоттық, тәрбиелік мәні бар шешім қабылдадық?

Тіпті, қиян далада жатқан Ахаң мен Жақаңның ағайындары мен ауылдастарының қиын кезде бірігіп тұрғызған ескерткіштері кедейдің қараша үйіндей, шөккен түйедей ғана нәрселер. Көңіл құлазытады. Жол жоқ. Күре жолдан бірі 110, екіншісі 85 шақырым бүйірде. Басына барып, дұға қылып, тау еткісі келген кісі қияметтің қиындығын көреді. Ол жерлерге сакральдық тізім мен картаға кіргізілсе де, туристер мен іздеушілердің баруы мен көбеюі екі талай.

Қалай болғанда да, қазақ халқы Алаш қайраткерлері мен оларды қолдап, сүйеу бола білген алашшыл қалың топқа мәңгі қарыздар. Қай замандарда да олардың жұлдыздары жоғары тұратын болады.

МАҚАЛАНЫҢ
ТОЛЫҚ
НУСҚАСЫН
ГАЗЕТТІҢ
САЙТЫНАН
ОҚЫҢЫЗ



МӘҢГІ ЕСТЕ САҚТАЙМЫЗ, ҚҰРМЕТ ТҰТАМЫЗ, ҚАЙҒЫРЫП КӨҢІЛ АЙТАМЫЗ...

«Қазақ» газетінің 2017 жылдан бергі экспедиторы Самат Көлбаев 37 жасқа қараған шағында өмірден өтті. «Өмірден өтті» деп айту ауызекі жеңіл, ал жүрек түкпірінен осы сөзді шығару, сол жүрекке қаншалықты қайғы салатынын сөзбен өру мүмкін емес. Бұл бәріміз үшін орны толмас қаза. Мұндай сенімді әріптесімізден айырылу қиын. Тағдырдың жазғаны

солай болды. Өлгеннің соңынан өлмек жоқ, өлгенге қайтып келмек жоқ. Амал нешік, көнеміз. Алла сабыр берсін!

Газетіміздің ұжымы атынан Самат Мұратұлының отбасына, ата-анасына, бауырлары мен туыстарына қайғыра көңіл айтамыз. Көңілге медеу болары, артында ұрпағы

қалды. Марқұмның жары Мәрияға, құлышшақтарына ғұмыр берсін!

Өмірден өткен жан иманды болсын, топырағы торқа, жатқан жері жайлы болсын! Амал дәптері оң жағынан ашылсын!

«Қазақ» газетінің ұжымы

Қазақ халқында «Шыңға біткен шынардың бұтақтары бір-бірімен байланысып өседі» деген атадан балаға мирас болып жалғасқан аталы сөз бар. Бұған Алты алаштың ардақтысы Міржақып Дулатұлы мен оның жерлесі Қалмағамбет Таңқыұлының өзара туысқандық және рухани байланыстары нақты дәлел болғандай...

Қ.Таңқыұлы – халқымыздың жоңғар басқыншыларына қарсы күресінде қол бастаған Мерген батырдың ұрпағы. 1864 жылы Ы.Алтынсарин Торғайда тұңғыш мектеп ашпақ болғанда оның туысы Төке би осы білім ордасын салуға қомақты қаржы берді. Төкенің ұлы Нұрмағанбет те осы мектептің алғашқы 13 шәкіртінің бірі болған. Бұл игі дәстүрді кейін Төке бидің өзге туыстары да жалғастырыпты. Қалмағамбет Танкин де осы мектепте оқып білім алған болатын. Оқуға зейінді жастың білімге ынтасын аңғарған Торғай уезінің бастығы полковник Я.П.Яковлев оған Красноуфимск реалдық училищесінде оқу туралы ұсыныс жасайды. Талапты жастың оқу шығынын оның немере ағасы Сейдахмет Бәйсейітұлы мен осы уездің Шұбалаң болысының басқарушысы Смағұл Төкеұлы бөліп төлеуге келісіпті. Ағаларының артқан үмітін ақтап, Қалмағамбет Красноуфимск реалдық училищесін үздік бағамен бітіріп шығады. Мұнан соң, арнайы жолдамамен Әулиеата уездік жер басқармасына жұмысқа жіберіледі. Бұған «Қазақ қарға тамырлы» дегендей, Қалмағамбет Таңқыұлының Дулаттың Шымыр тармағына жиеншар екендігі де өз әсерін тигізген сыңайлы. Ол мұнда келісімен бабасы Мерген батырдың туған балдызы атақты қолбасы Қойгелді Сартұлының ұрпақтарымен етене жақын араласып, туысқандық тығыз байланыста болады.

Қасиетті Әулиеата жерінде біраз жыл жұмыс істеп, өзінің кәсіби шеберлігін байқатқан жас жігіт елдің құрметіне бөленеді. «Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған» дегенді, ол аз ғана уақытта Әулиеатаның ел тізгінін қолына ұстаған азаматтарымен достық қатынаста болып, осы өлкеге әйгілі Бұралқы болыстың балдызына үйленіп, шаңырақ көтереді.

Елге сыйлы азамат Қалмағамбет біраз жылдан соң ел ағаларының қолдауымен Меркіге болыс болып сайланады. Қасиетті Әулиеата жерін өзіне құтты қоныс еткен оны халық жастығына қарамастан «Қалекен» деп, құрмет тұтыпты. Талапты жас жігіттің ел игілігі үшін жасаған істері жергілікті биліктің де назарына ілігіп, ол кейін Әулиеата уездік земство бастығы қызметін де атқарады. Айайда, қандай жауапты қызмет атқарып жүрсе де, ең алдымен халқының қамын ойлап, мүддесін қорғауды өзіне басты мақсат етіп қойған Қалмағамбетті патша шенеуніктері үнемі бақылауда ұстаған екен. Мәселен, 1916 жылы оған «көтерілісті қолдады» деген айып тағылып, бір ай бойы жауап алынғаны қазір мұрағат деректерінен белгілі болып отыр.

Ауқатты азамат өз еліне көмек іздеп келген жандарға да үнемі қол ұшын созып, түрлі көмек көрсетіп тұрыпты. Қалмағамбеттің 1920 жылы Колчак түрмесінен қашып шығып, Әулиеатаға ат басын тіреген С.Сейфуллинді бірнеше күн қонақ етіп, күтіп, Ташкентке жеткізіп салғаны туралы кезінде Сәкен ата өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» атты ғұмырнамалық шығармасында ризашылық сезіммен еске алған болатын.

Ол кейін, 1929 жылдары Әулиеатаға келген Алаштың ардагері Міржақып Дулатовтың отбасына да ерекше қамқорлық жасапты. Бұл жайлы Жақан атаның қызы Гүлнар Дулатова апамыздың «Шындық шырағы» кітабында



■ Әбік Қалмағамбетұлы Танкин інісі ақын Ғафу Қайырбековпен бірге.

ТЕРЕҢ ТАМЫР

Міржақып Дулатовтың ағасы Асқардың қызы Ботакөз апай тебірене еске алған болатын: «Тұяқбай ауылымен іргелес Қалмағамбет Танкин... Ол Торғайдан Әулиеатаға келіп, осы елге сіңген арғын. Ол кісіні ел құрметпен «Қалекен» дейді... Қалекен елуді еңсерген, толық денелі кісі. Ол Шу өлкесінің атақты болысы Бұралқымен бажа. Қалекеннің бірінші әйелінен – Әбік пен Халық деген екі ұлы болды. Әбік – Ташкенттегі Орта Азия университетінің студенті, Халық – Әулиеатадағы мектеп оқушысы еді. Қалекеннің Бәтима тоқалынан туған екі ұлы: Қаппар, Жаппар – жас, ағаларын арқа сүйеп өсіп келеді. Қалекен – даулетті, төрт түлігі сай, елге сыйлы, беделді кісі. Біздің үш үйді өзінің қамқорлығына алды. Мұстафа мен Әбік бастаған ауылдың қыз-келіншектері бас қосып, түрлі ұлт ойындарын өткізіп, қалаға киноға баратынбыз», – деп жазады Ботакөз апай өткен күндердің елесін ой елегінен қайта өткізген шақтарында...

Белгілі ақын Ғафу Қайырбеков – Қалмағамбет Танкиннің бірге туған інісі Қайырбектің баласы. Ғафу әкемнің жұбайы Бәдеш Хамзақызы әжеміз Қостанай облыстық телеарнасына сұхбат бергенде Міржақып пен Қалекеннің отбасыларын туысқандық қатынасы жайлы да еске алған еді. Гүлнар Міржақыпқызы апай Ғафекеңнің үйінде қонақта отырғанда Қалмағамбеттің «Қонақ келгенде дастарханың бос тұрмасын» деп, Міржақыптың отбасына күн ара сойыстық бір қой мен бір саба қымыз жіберіп тұрғанын ризашылық сезіммен еске алған екен.

Бұл арада тағы бір ескерте кететін жағдай: Ботакөз Асқарқызы Дулатованың жоғарыдағы естелігінде есімі аталған Мұстафа Бұралқиев – Ботакөз апайдың күйеуі. Ол әрі Әбік пен Халық Қалмағамбетұлдарының туған бөлесі, Әбік пен Мұстафа Ташкенттегі САГУ-де де бірге оқыған. Әбік Танкин – САГУ-дің экономика факультетін бітірген алғашқы қазақ,

ал Мұстафа да осы жоғарғы оқу орнынан «агроном» мамандығын алып шыққан.

Мұстафаның әкесі Бұралқы Сұлтанбекұлы – Қазан төңкерісіне дейін Әулиеата өлкесіне кеңінен танымал ел ағасы, әділ би болған кісі. Белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметұлының құрастыруымен 2021 жылы «Өнер» баспасынан шыққан «Бауыржан Момышұлы» атты жинақта жарияланған «Қазақтың алғашқы агрономы Мұстафа Бұралқиевті білесіз бе?» атты мақаладан Бұралқы болыс пен оның баласы Мұстафа туралы біраз деректі кездестіре аламыз.

Осы жинақта жарияланған 1928 жылғы 20 қазанда жазылған «Бұралқы Сұлтанбекұлының мал-мүлкін тәркілеп, отбасын жер аудару туралы» құжатта: «Бұралқы Сұлтанбекұлының отбасында 11 адам бар және «ұлы Мұстафа – 31-де, Мұртаза – 25 жаста. Балмағамбет – 18-де, Исрайыл, Сейтжаппар деген ұлдары да бар, 7 жастағы қызы Дәкия өз ауылында. Ал, Мұстафа екі інісімен және 20 жастағы келіншегі Ботакөзбен бірге Ташкентте» деген құжат та бар. Осы жинақта: «Б.Сұлтанбекұлының отбасымен бірге оның Ташкентте қызмет істейтін ұлы Мұстафаны, әйелі Ботакөз бен сол қалада оқитын екі ұлы Исраил мен Сейтжаппарды Оралға жер аудару туралы» қаулының көшірмесі де жарияланған. Сондай-ақ, Мұстафа Бұралқиевтің есімін 1930 жылдары Қазақстаннан Мәскеудің Бутырка түрмесіне жіберілген «Кеңес үкіметіне аса қауіпті саяси қылмыскерлердің» тізімінен де кездестіруге болады.

Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы 2014 жылы шығарған «Алаш қозғалысы» атты энциклопедиялық анықтамалықта: «Мұстафа Бұралқиев – 1920 жылдары Ташкенттегі «Казинпроста» (Қазақ халыққа білім беру институтында, қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ-дың бастауы) оқытушы әрі оқу бөлімінің басшысы болды. Қ.Кемеңгерұлы басшылығымен Мұстафаның «Қазақша-орысша тілмашты» (сөздік) әзірлеуге

қатысқан.

Мұстафа 1930 ж. 8 қазанда Ташкентте ұсталып, этаппен Алматы ОГПУ-НКВД түрмесіне жіберілді. 1932 ж. 20 сәуірде ОГПУ үштігінің шешімімен 58-11, 58-10 статья бойынша 5 жылға Воронежге жер аударылды. Воронежде Сейдазым Қадірбаев, Жұмағали Тілеулин, Ахмет Тұңғашин, Мұхтар Мұрзин, Қошке Кемеңгерұлы, Халел Досмұхамедұлы, Жаһанша Досмұхамедұлы, Кәрім Тоқтабайұлдары да болды.



■ Бұралқиев Мұстафа (1899 жылдар шамасы).

...Айдауда жүрген Мұстафаны Ботакөз Асқарқызы іздеп барған. Қуғын-сүргін жылдары Мұстафаның Торғауыт атты ұлы мен Қамила атты қызы қайтыс болған. 1958 жылғы 22 қаңтарда Қазақстан КСР Жоғары соты М.Бұралқиевты ақтады. Мұстафаның кейінгі тағдыры туралы деректер көп емес...

деген деректерді (Е.Тілешов, Д.Қамзабек-

ұлы. «Алаш қозғалысы» энциклопедиялық анықтамалық. 2014 ж. Алматы. Сардар. 130-бет) кездестіре аламыз.

Ал, халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы атамыз өзінің естеліктерінде Мұстафа Бұралқиевті 1925 жылы алғаш көргенін, мұнан кейін арада 45 жыл өткенде кездескенін еске алады. Баукең осы естелігінде Мұстафа туралы: «Один из первых агрономов казахов... Враг народа 1937 года. Реабилитирован. Много знает. Молчит. Работает. ...Я уверен, что у него есть личный архив» деп жазған екен.

Осы орайда Бауыржан Момышұлы атамыздың Алаштың ардагері Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнар апайды ерекше құрмет тұтқандығы жайлы оның замандастарының естеліктері еріксіз ескерілады.

Кезінде орыстың танымал тарихшысы Н.Карамзин «Мемлекет пен ұлттың тарихына кейде жеке адамдардың өзара туысқандық байланысының да әсері болады», – деп жазған екен. Қалмағамбеттің екінші ұлы Халық Танкин Мәскеудегі темір жол институтында оқып жүргенде Қазақстан үкіметі оны Түркісиб құрылысына жұмысқа шақыртып алдыртады. Кейін Қазақстанның Жер шаруашылығы халық комиссариатында жауапты қызмет атқарып жүрген Халық Қалмағамбетұлы 1937 жылғы сталиндік саяси зобалалаң кезінде «байдың ұрпағы» деген жаламен ұсталып, атылып кетті. Халықтың баласы Марат кейін Қазақ теле-радио журналистикасының негізін қалаған атақты ғалымдардың бірі болды. Ол ғалым-журналист, филология ғылымдарының докторы, академик Марат Барманқұлов-Танкин ағамыз еді. Ал, Әбік Танкиннің ұрпақтары қазір Астана мен Шымкентте тұрады. Тазагүл Әбікқызының үлкен ұлы Еркін Қыдыр – Астанадағы «Астана ақшамы» газетінің бас редакторы, ал екінші ұлы Уәли – қазақ халқының көне астанасындағы «Түркістан» телеарнасының директоры.

Ал, Қ.Таңқыұлының Қайырбек атты інісінің баласы – атақты ақын. Қазақстанның халық жазушысы Ғафу Қайырбеков болатын.

М.Дулатовтың қызы Гүлнар апаймен Қалмағамбет атаның інісі Ғафу Қайырбеков әкемнің отбасылары кеңестік қытымыр саясаттың кезінде де туысқандық байланысты үзбеді. Ғафу әкемнің үйінде торғайлық жерлестер бас қосқанда олардың арасынан Гүлнар апамызды да бірнеше рет көрген едім. Сонда Ғафу әкемнің Гүлнар апайды ерекше құрметтейтіндігін бала болсақ та байқаушы едік.

1970 жылдары менің әкем Бидаш Сейдахметұлы:

«Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш, Емеспін жемісі көп тамаша ағаш. Қалғанша жарты жаңқаң мен сенікі – Пайдалан, шаруаңа жараса, Алаш», – деген толғауды оңаша сәттерде ғана дауысын қатты шығармай айтып отыратын. «Әке, бұл кімнің шығарған өлеңі?» деген менің сұрағыма: «Қазақтың бір керемет азаматы болған. Соның өлеңі бұл. Заман түзелсе, кейін бұл өлеңді кімнің жазғанын өзін де білерсің» деуші еді.

«Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» деп халқымыз айтқандай, енді санаулы уақыттан соң, тәуелсіз қазақ елі Міржақып Дулатұлы атамыздың 140 жылдық мерейлі мерекесін салтанатты түрде атап өтпекші. Осы орайда, халқымыздың ұлы қайраткері мен онымен сыйлас болған азаматтар туралы уақыт тозаңы баса бастаған осы деректерді көпшілік назарына ұсынғанды жөн санадым.

Қабылахат СЕЙДАХМЕТ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

СӘБИТ МҰҚАНОВТЫҢ ӘДЕБИ-ЗЕРТТЕУШІЛІК МҰРАСЫНДАҒЫ АБАЙ ОБРАЗЫ

Кеңестік заманда Абайдың өлең жинақтары қатарынан екі рет басылым көрісімен-ақ ағымдағы баспа-сөздерде сын мақалалар жарыса жарияланып жатты. Алғаш жарияланған тырнақ алды сын мақала Сәбит Мұқановтың «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер» («Еңбекші қазақ», 01.03.1923) деп аталатын мақаладан басталды. Кейін С.Мұқанов сол қате пікірлерінің орнын «Жарқын жұлдыздар» атты монографиялық еңбегінде түзетті. С.Мұқановтың Абай жөнінде субелі зерттеулер жасағанын «Жарқын жұлдыздар» (1964) монографиясы дәлелдейді.

«Бұл монографиялық еңбегімді 1945 жылы жазып бітірген ем. Ақындық шеберлігі баршамызға үлгі болған Абайды терең білу, оның мұрасын игеру ісін мен өзіме кезекті міндет тапқандықтан көлемді еңбек жазумен шұғылданып жүретінмін», – дейді.

«Абай – зор кісі. Ол – зор ақын да, зор ойшыл да, зор қоғамшыл да, зор күресшіл де. Оның осы бейнелерін түгел қамту, әрине, оңай міндет емес. Сондықтан Абайды толық зерттеу, толық ұғу бір жылдың, я бір ұрпақтың міндеті ғана емес, көп жылдардың, көп ұрпақтардың міндеті. Әйткенімен, әр ұрпақ өз қолына түскен материалға сүйене отырып, өз ой өрісі жеткен пікірді айтуға міндетті. Оқушылардың алдына ұсынып отырған менің бұл еңбегім әдебиеттегі рухани атамыз Абайдың, оның еңбектерін сүйіп оқушы халықтың алдына Абай туралы біраз жылдан бері жиналып қорытылған пікірді айту мақсатымен жазылды» дегенді айтып алуды айрықша қасиет деп тапқан.

Монографияда ақынның өскен ортасы, ата-тегі, өмір кезеңдері, дүниеге, сөз өнеріне көзқарасы туралы зерттеу жүргізеді. Абайдың қазақ фольклорынан өзінің шығармаларында өте көп қолданған бір тармағы – тақпақ, мақалдар, мәтелдер

екенінде айта кетіп, қазақ өлеңіне енгізген өзгеріс-жаңалықтарына тоқталған.

Ақынның аударған шығармаларына келетін болсақ, С.Мұқановтың талдауы бойынша орыс ақындарынан 56 шығарма аударған, солардың сегізі Пушкиннен, он төрті Крыловтан, Мацкевич, Бунин, Полонскийден бір-бір өлеңнен, авторы белгісіз үш өлең, ал қалған 28 шығарма Лермонтовтан. Аударылған шығармалары жөнінде де ой өрбітеді. Зерттеуші ақын туындатқан шендестірулерге, ауыстыруларға, теңеулерге, әсірелеулерге ой сәулесін түсіреді.

С.Мұқанов ақынның композиторлық шеберлігіне де назар аударған. Ол музыка зерттеушісі А.В.Затаевичке Абайдың «Татьянаның Онегинге жазған хатын» өзі орындап, нотаға түсірткен. Ақындық жолда С.Мұқанов Ұлы Абай шығармаларын зерттеу үстінде өзі де одан көп ұлағат алады.

1945 жылы Абай туралы кесек монография жазған шығармаларына тән бір ерекшелікті айта кеткен жөн. Ол – Сәбиттің тарихи шежірелігі. Абайға байланысты айтылатын ой арқылы қазақ оқырманын өзінің тарихына тереңірек үңілдіре түсу, қызықтыра баяндауы осы монографияда анық көрінеді.

Зерттеушінің «Жарқын жұлдыздар» атты зерттеу еңбегі арқылы қазақ халқымыздың Ұлы ақыны Абайдың өмірі мен шығармашылық әлеміне жол ашатын қазына. Бұл туынды арқылы оқырман ақынның ғұмыр жолындағы өнегелі кезеңдермен, рухани биігімен, ұлт әдебиетінде қалдырған өшпес ізімен жақынырақ таныса алады. «Жарқын жұлдыздар» – қазақ руханиятының алтын қорына қосылған құнды мұра.

Анар КӨШЕРБАЕВА,

Алматы қаласы музейлер бірлестігі С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешенінің жетекшісі



ЕЛІМІЗ АЛҒАШ РЕТ ЖЫЛЫНА 100 МЛН ТОННА МҰНАЙ ӨНДІРУ ДЕҢГЕЙІНЕ ШЫҒУҒА ДАЙЫНДАЛЫП ОТЫР, АЛ ӨТКЕН ЖЫЛЫ МҰНАЙ ӨНДІРУ КӨЛЕМІ 87 МЛН ТОННАНЫ ҚҰРАДЫ.




МАҚАЛАНЫҢ
ТОЛЫҚ
НУСҚАСЫН
ГАЗЕТТИҢ
САЙТЫНАН
ОҚЫҢЫЗ



«QAITADAN» — АПАТ ЖАНРЫНДАҒЫ ТҰҢҒЫШ ОТАНДЫҚ ФИЛЬМ

4 ҚЫРКҮЙЕКТЕН
БАСТАП ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ
КИНОТЕАТРЛАРЫНДА «DALA
CINEMA» КИНОСТУДИЯСЫ ҰСЫНҒАН
ӘЛЕУМЕТТІК-ДРАМА ЖАНРЫНДАҒЫ «QAITADAN»
ФИЛЬМІ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ. БҰЛ ФИЛЬМ КӨРЕРМЕНГЕ
ГОЛЛИВУДТЫҚ «УАҚЫТ ІЛМЕГІ» (DAY LOOP) МОТИВІН ҚАЗАҚЫ
БОЛМЫС ЖӘНЕ ӨЗЕКТІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРМЕН СӘТТІ
ҮЙЛЕСТІРГЕН БІРЕГЕЙ ТУЫНДЫ.



Есбол ТӨРЕҚҰЛ

Фильмнің оқиғасы ауыл төңірегіндегі дамбының жарылуына байланысты өрбиді. Дамбыдағы үлкен сызат — бүкіл қазақ қоғамына арналған символдық ескерту іспеттес. Ол кез келген ұсақ-түйектің қауіпсіздік пен жауапкершілік тұрғысынан маңызды екенін жеткізеді. «Қайтадан» туындысы — қоғамды төтенше жағдайларға немқұрайлы қарамауға, ескерту сигналдарына дер кезінде үн қатып, бірлікпен әрекет етуге шақырады. Бас кейіпкер — қала баласы Рауан. Ол ҰБТ-дан сүрінген соң, атанасы сабақ болсын деп шалғайдағы ауылға апарып тастайды. Бірақ тағдыр оны күтпеген сынаққа салады: Рауан бір күннің тұзағына қалады. Әр күннің соңында дамбы қирап, апат болады. Кейіпкер уақыт ілмегінен шығу үшін тек өзін ғана емес, бүкіл ауылды құтқаруы керек екенін түсінеді.

«Фильмнің идеясы маған 2020 жылы келді. Сол жылы Алматы облысындағы Күрті ауылында бір түсірілімде жүргенбіз. Сол ауылдың шетінде

үлкен дамбыны көріп, «егер жарылып кетер болса, ауылдың түгі қалмайды ғой» деген ой келді. Ақыры осы идеяны дамыта келе, «Қайтаданның» сценарийін жазып шықтық», — дейді фильм режиссері және сценарий авторы Думан Еркімбек.

Оның айтуынша, фильмде адамдардың басына түскен сынақ, тығырықтан шығу кезіндегі әрекеттер, ой салатын идея бар. Көркем туындыда осындай айтпай келетін апаттардың алдын алу, оқиғаны болдырмау, себебі мен салдары сынды бағыттар қамтылған.

«Апат айтып келмейді. Осы фильм арқылы қандай да бір тосын жағдай болса, еліміздің әрбір азаматы қалай әрекет ету керегін көрсетуге тырыстық. Жалпақ тілмен айтар болсақ, бұл — есею туралы фильм. Фильм үшін жай ғана декорация емес, толыққанды ауыл тұрғызылды. Оған қойысу суретшілеріміз бас-аяғы 3 ай уақыт жоғалтты. Осы арқылы біздің мамандардың ауқымды ғана емес, өте креативті декорацияларды да жасай алатын дәлелдеді деп ойлаймын. 300-ден астам массовка, ондаған дрон, екі үлкен түсірілім тобы қатысқан эвакуация мен дамбының жарылу сахналарын түсіру қиынға соқты. Жалпы, өте масштабты, техникалық тұрғыдан қиын жоба болғандықтан,

әрбір түсірілім күні сынаққа толы болды. Дегенмен, жұмыс тобының жобаға деген сенімі мен ауызбіршілігінің арқасында бәрін өткердік. Ең бастысы — көрерменге сапалы, ой саларлық терең туынды ұсынғымыз келді. Қалғанын халық бағалайды», — деп қорытындылады фильмнің бас продюсері Жалын Тілеуберген.

Фильм Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының көмегімен түсірілді. Басты рөлдерде отандық жас актерлер Жасұлан Көпберген, Еркем Шынболатов және Шұғыла Ешенова түскен. Екінші планда Алмат Сақатовты, Ержан Нұрымбетовты және Әшім Ахметовты көруге болады.

«Қайтадан» — тек уақыт ілмегінің символы ғана емес, өз болашағы мен қоғам игілігі үшін күрес жолын қайта ойлануға шақыратын фильм.

ҰЛТ ҰСТАЗЫ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН КҮН АЙРЫҚША АТАЛЫП ӨТТІ



Алатауды жастанып жатқан мың жылдық тарихы бар Алматы қаласының ең көрікті жерінде Алаш жұрты үшін аса маңызды күн айрықша аталып өтті. Баршаға белгілі, 5-қыркүйек — Ұлт ұстазы, Алаш көшбасшы, ғалым, ағартушы, ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының жарық дүние есігін ашқан күні. Осыдан 153 жыл бұрын дәл осы күні киелі Торғай даласында шекесі торсықтай ұл өмірге келді. Ол ғаламдық деңгейдегі қазақ ғалымы, Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлы еді.



Байділда, Алмалы ауданы Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас инспекторы Аслан Тұрлығазы қатарлы қонақтар іс-шараға қатысты. ҚР Ұлттық ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының сарбаздары тағзым шарасының айбынын асырды.

Ұлықтау шарасына ақпараттық қолдау білдіріп, «Алматы» телеарнасы, Ұлттық арнаның «Таңшолпан» бағдарламасы, «Қазақ», «Ана тілі», «Алматы ақшамы» газеттері қатарлы БАҚ өкілдері атсалысты.

Сондай-ақ, тағылымы мол ауқымды шараға алаштанушы ғалымдар, тіл жанашырлары, университет ұстаздары мен студенттері, мектеп мұғалімдері мен оқушылары, музей-үйдің тұрақты жанкүйерлері қолдау жүздеген адам қатысты.

Ғалымның еңселі ескерткішіне гүл қою арқылы Ұлт көшбасшысына деген ұлы махаббатын, ізгі ниеттерін, асқақ құрметтерін сап түзеп, бірге білдірген қонақтар тобын жазбай, Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі гүлзарындағы тұлға бюст-ескерткіші маңына қайта оралды. Жиын «Ұлт ұстазын ұлықтау» атты дөңгелек үстелге ұласты, шараға соңыра қосылған жұртшылық «Ахмет Байтұрсынұлы — ұлт ұстазы» атты көрмені аралады. Көрмеге А.Байтұрсынұлы портреттері мен арыстардың ұжымдық фотолары, А.Сыргабәев және басқа да әуесқой суретшілердің Алаш тақырыбындағы суреттері қойылды. Көпшілік Алаш арыстарына қатысты тарихтан сыр шертетін жәдігерлермен танысты.

Көрмеден кейін А.Байтұрсынұлы музей-үйі жетекшісі, ахметтанушы Райхан Сахыбекқызы шараның басталу сөзін сөйлеп, жиналған көпшілікке алғысын білдірді.

Дөңгелек үстелде ғалымдар баяндама жасады, Ахметтің туыс ұрпақтары лебіздерін білдірді. Ахмет өлеңдері оқылды.

Мемлекеттік тілді дамыту институтының директоры, ахметтанушы Қапалбек Бижомарт тағылымы мол баяндама жасап, ұйымдастырушыларға ағынан жарыла алғыс білдіріп, Ахмет Байтұрсынұлының «Әліппесі» мен төте жазу әліпбиінің және әдістемелік құралдарының өміршеңдігін тұжырымдап түсіндіріп берді. Ахметпен замандас орыс ғалымдарының еңбектерінде ғалымға берілген ғылыми бағалардан үзінді оқи отырып, тыңдаушылардың ықыласына бөленді.

Шара аясында А.Байтұрсынұлының музей-үйі қоры құнды жәдігерлермен толықты. А.Байтұрсынұлының 1926 жылы Қызылордада басылып шыққан «Әліпби. Жаңа құрал» атты оқулығының түпнұсқасы Абдолла Әбдірахманұлының жеке кітапханасында ғасырға жуық сақталғанын тілге тиек еткен ақсақалдың немересі, домбыра жасаушы шебер Ержан Нұрланұлы құнды кітаптың түпнұсқасын музей-үйі қорына сыйға ұсынды.

А.Байтұрсынұлының 1914 жылы жарық көрген «Оқу құралы. Қазақша алифба» оқулығының 1991 жылы сол қалпында қайта басылған нұсқасын музейге сый ретінде академик Шора Сарыбаевтың қызы — Майра Сарыбай да сыйлады. Майра апай әкесі Шора Сарыбаевтың бірнеше жазба мұрасын музей-үйі мамандарының оқып, зерттеуіне берді.

Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының студенті Ақмарал Маратбекқызының туындысы «Алаш партиясы. Ахмет Байтұрсынұлы» картинасы да маңызды күнде киелі үйге табысталды. Жас суретші Ақмаралдың ұстаздары да сөз алып, шәкіртінің көлемді туындысының қыр-сырына тоқталды.

Алмалы ауданы әкімдігі уәкілі, білікті ұстаз Гүлшара Есетқызы өзі ұстаздық ететін 36 мектеп-гимназия шәкірттері ақын өлеңдерін жатқа оқып, тыңдармандарын

сүйсінтті.

Абай атындағы ҚазҰПУ, Филология факультетінің деканы Алуа Василийқызы, «Ахмет Байтұрсынұлы орталығы» жетекшісі Роза Бақберген, Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Филология факультетінің деканы Айгүл Амантайқызы, кафедра оқытушысы Тыныштық Еркемова қатарлы ғалымдар қысқаша баяндама жасады.

Т.Еркемова ұстазы академик Ш.Сарыбаевтың өзінің туған күнін тойламай, әр жылы сол күнде жас студенттерге театр, концерт билеттерін көптен сатып алып сыйлайтын ғажап әдетін дағдысына айналдырып, әр жылғы туған күнінде университеттегі шәкірттеріне ғалым музей-үйіне билет алатынын жеткізді.

Ұлт ұстазы дүниеге келген күн жарқын жаңалықтармен басталған болатын. «Шалқар» радиосының жүргізушісі Гүлмира Нәлібай таңғы бағдарламада Асхат Сәлиұлы атты жас ақынның А.Байтұрсынұлына арнаған «Алаштың Бек арысы» атты өлеңін эфирде беріп, дайындық жұмыстарымен қарбаластап жүрген музей-үйі ұжымын бір желпіндірген еді.

«Ел — бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» деп ғасыр бұрын аса бір өр сеніммен ант беріп кеткен ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынұлының дүниеге келген күні Алматыдағы музей-үйінде жоғары деңгейде өтті.

Ұлт көшбасшысының антының ақиқатқа айналғанына куә болып һәм Алаш арысының ізгі ісін алға дамытатын өрелі ұрпағымыз көп болсын деп тілейміз.

Әділет АХМЕТ,
«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК
А. Байтұрсынұлы музей-үйінің
аға ғылыми қызметкері

ИНДЕКСІ — 64048



2011 ЖЫЛЫ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ «АЛТЫН ЖҮЛДЫЗ» СЫЙЛЫҒЫН АЛДЫ



• МЕНШІК ИЕСІ
«МИРАС ИНФО» ЖШС

• ҚҰРЫЛТАЙШЫ
МАХМУТ НӘЛІБАЕВ

• БАС ДИРЕКТОР
ҚАЛИ ҚАМБАРОВ

• БАС РЕДАКТОР
ЖАСҰЛАН МӘУЛЕНҰЛЫ

• БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕСІ
+7 (701) 505 48 48
+7 (777) 797 77 88

qazaq1913gazeti@gmail.com

• РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ, А25D6G7,
ДОСТЫҚ ДАҢҒЫЛЫ,
№128, «ТЕРЕҢҚҰР» ТК, 5-ҚАБАТ,
128-КЕҢСЕ

• АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ
НАҒЫТАЙ ӘБИТАЙҚЫЗЫ
КЕҢЕС ҰШПАЕВ
ГҮЛБАРШЫН СӘРСЕКЕЕВА
СӘБИТ БАЙЗАКОВ
САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ
КИМ ІЗТІЛЕУОВ
КӨБЕЙСІН АЛТЫНБЕКОВ

• КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР
ЖАНАР ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

• Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп, есепке қою туралы №17704-Г куәлігі 2019 жылдың 15 мамырында берілді (Алғашқы есепке қою №6897-Г куәлігі 2006 жылы 7 ақпанда алынды).
• Газет 1913-1918 жылдары Алаш арыстары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлының ұйытқы болуымен жарық көрді, 2006 жылы Қоғабай Сәрсекеевтің бастамасымен №267 санынан қайта шықты.
• Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, авторлардың мақалалары қысқартылып, редакцияланады.
• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына/тіліне жауап бермейді.
• Газет әр аптаның сейсенбі күндері жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында жазылым арқылы және Алматыда «Сайран» автобекетінде, «Алматы-1», «Алматы-2» теміржол бекеттерінде, Алматы метрополитенінің 9 бекетінде тегін таратылады және «Караван», «Kok tengri» дүңгіршектерінде сатылады. Бағасы «Караван» дүңгіршектерінде 70 теңге.

А жәриялану ақысы төленген мақалалар.

• ГАЗЕТ
«АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ» АҚ
(Алматы қ., Мұқанов к-сі, 223-«В»),
«ӨМІР-НҰР» ЖШС
(Талғар қ., Қонаев к-сі, 18)
БАСПАХАНАЛАРЫНДА БАСЫЛДЫ
• Тапсырыс №1 935 / 61
• Таралымы 5 200 ДАНА

